



ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Марокко Короліне құттықтау жеделхатын жолдады.



Қасым-Жомарт Тоқаев VI Мұхаммед пен оның отандастарын Марокко Корольдігінің ұлттық мейрамы — Такка отырған күнімен құттықтады.

Президент жеделхатында екі ел ынтымақтастығы он қарқынмен дамып келе жатқанын атап өтіп, жан-жақты серіктестікті кеңейту жолында тараптардың күш-жігер жұмылдыра беретініне сенім білдірді.

АЛҒЫС БІЛДІРДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Анкараға ресми сапары кезінде қонақжайлық танытқаны үшін Президент Режеп Тайип Ердоғанға шынайы ризашылығын білдіріп, хат жолдады.

Қазақстан Президентінің пікірінше, Түркия астанасында өткен келіссөздер екіжақты ынтымақтастықтың бауырластық, өзара сенім және стратегиялық серіктестік рухында дамып, бұрын-соңды болмаған жоғары деңгейге көтерілгенін көрсетеді.

Еліміз Түркиямен БҰҰ, Түркі мемлекеттері ұйымы және басқа да халықаралық құрылымдар аясындағы ықпалдастықты жоғары бағалайды. Сондай-ақ Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті институттандыру процесіне тұрақты қолдау білдіргені үшін алғыс айтады.

АКТЕР БОЛУ — ӘР ОБРАЗДА ҚАЙТА ТУУ



Театр – рухани байлығымыздың алтын арқауы. Халықтың жүрегінен орын алған бұл өнер қашанда өмірдің өзегін сахна арқылы шынайы жеткізіп келеді. Жас баланың аңғал күлкісі мен қарттың күрмеулі бірдей бейнелеу – әр актерден жанын салып жұмыс істеуді талап ететін үлкен еңбек. Осы орайда сахнада сан қырлы бейнені сомдап, көрермен ықыласына бөленіп жүрген актер Ілес Көпбосын – ел өнерінің өрісін кеңейтіп жүрген талант иесі.

ТАРИХИ ӘРІПТЕСТІКТІҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ



«Бармасаң, келмесең – жат боласың» дейді қазақ. Әдетте, ағайынның тату болуына үндейтін бұл ұғым қазір мемлекетаралық қатынастар үшін де маңызды бола түскен. Әсіресе, түбі бір туысқан халықтар арасындағы барыс-келіс барлық саладағы аралас-құраластықтың іргетасы болса керек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркияға ресми сапармен баруы Қазақстан мен Түркия ынтымақтастығын тағы бір белеске көтерді. Қазақстан Президентін ресми сапармен келуге Түркия басшысы Режеп Тайып Ердоған шақырған болатын.

ТАМЫРЫ ТЕРЕН БАУЫРЛАСТЫҚ

Мемлекет басшысының ұшағы Астана әуежайынан көтерілгенге дейін жоғары деңгейдегі сапарлардың салмағын ойша таразылағанмыз бар. Әдетте, барыс-келістің ең жоғарғы деңгейі ретінде мемлекеттік сапарды айтады. Ал Қасым-Жомарт Кемелұлының осы жолғы сапары Қазақстанның да, Түркияның да ақпарат құралдарында «ресми сапар» деп көрсетілген-ді. Дегенмен, Анкара әуежайында Қазақстан Президентін қарсы алу рәсімінің өте жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын көргенде ойымыз өзгерді. Қазақстан Президентіне құрмет айырықша болды.

28 шілденің кешінде Анкарадағы «Есенбұға» әуежайына қонған N1 борттың трапынан Қасым-Жомарт Тоқаевты Режеп Тайып Ердоғанның өзі күтіп алды. Әуежайда сән-салтанаты келісген Құрмет қарауылы сап түзеп тұр еді. Түркиялық әріптестер Р.Ердоғанның мәртебелі меймандарды әуежайда өте сирек қарсы алатынын айтты. Қазақстан Президентін күтіп алуға Р.Т.Ердоғанның өзі келуі бауырлас ел басшысының әріптесіне деген құрметінің ерекше үлгісі болса керек. Әрі екі мемлекеттің өзара қарым-қатынасының ресми құжаттарда айтылатын «одақтастық қатынастар», «стратегиялық серіктес» тәрізді ұғымнан да кең екенін байқататын тәрізді. Өйткені қос Президенттің қол ұстаса жүруінің, әуежайда өзара әңгімелесіп, кейін бір көлікке мінуінің астары бөлек екенін ұқтық. Түркі әлемінің шығысы мен батысын жалғанан сәттер еді ол. Өз заманында Тан патшалығына қоныс қонған Бумын қаған мен Византияның іргесіне дейін жеткен Естеми қағанның бауырластығындай көрінгені тағы бар. Бүгінгі қазақ пен түріктің мың жарым жыл бұрын өткен бабалары — қос қаған шығыс пен батысты байланыстыратын мемлекет құрған-ды. Енді ХХІ ғасырда бауырлас екі республика да шартарапты байланыстырып тұр. Бәлкім журналистік эмоция шығар, баға бере алмаймыз, бірақ біздің санамызда осындай ой қылаң берді.

Әуежайдағы кездесуде Қазақстан Президенті әріптесіне алғыс білдіріп, алдағы кездесудің сапалы өтерін атап өтті. Екі халықты туыстық пен ынтымақтастық байланыстыратынын айтты.

— Қонақжайлық танытқаныңызға көп рақмет. Әуежайға келіп, мені қарсы алдыңыз. Бұл — мен үшін үлкен құрмет. Біздің арамызда ешқандай түйткіл жоқ. Бізді тек туыстық, ынтымақтастық байланыстырады. Ертең маңызды сапар болады. Сапардың бағдарламасы өте мазмұнды. Оны толық іске асырамыз деп ойлаймын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жалпы, Президент Қ.Тоқаев Түркияға 4 рет мемлекеттік, ресми және жұмыс сапарларымен барыпты. Осы жолы Мемлекет басшысы Түркияға бесінші рет барды әрі Жоғары деңгейлі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің бесінші отырысы жоспарланған еді.

СИПАТЫ ҒАЖАП СЫЙЛАСТЫҚ

Хаттамаға сәйкес ресми сапар 29 шілдеде басталды. Мемлекет басшысы өз жұмысын Мұстафа Кемал Ататүріктің кесенесіне зиярат етуден бастады. Түркия Республикасының негізін қалаушы әрі тұңғыш Президенті Мұстафа Кемал Ататүріктің кесенесіне барып, гүл шоғын қойған Қасым-Жомарт Кемелұлы Құрметті қонақтар кітабына қолтаңба қалдырды. Президент Қазақстан мен Түркияның достығы ныға беретініне сенім білдіріп, бауырлас түрік халқының өсіп-өркендеуіне тілектестігін жеткізді. Одан соң Қасым-Жомарт Тоқаевты Анкарадағы Президент сарайында салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Қаланың Бештепе ауданындағы сарайда Қазақстан Президентінің сапарына орай Құрмет қарауылы сап түзеді. Заманауи әскери киім үлгісіндегі жауынгерлер қатарын тарихтағы түрк мемлекеттерінің туларын ұстаған, сауыт киген сарбаздар толықтырып тұрды. Ал Мемлекет басшысының кортежін салпатты гвардия бастап жүрді.

Қасым-Жомарт Тоқаевты Режеп Тайып Ердоған қарсы алды. Қазақстан мен Түркияның мемлекеттік әнұрандары шырқалып, зеңбіректен 21 рет оқ атылды. Екі елдің басшылары Құрмет қарауылының алдынан жүріп өтіп, бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Әлбетте, Қазақстан Президентіне көрсетілген бұл құрметті алдымен Қасым-Жомарт Тоқаевқа, сонымен қатар тұтас ел халқына білдірілген ілтипат деп ұқтық. Салтанатты іс-шарадан ақпарат таратуға келген түркиялық әріптестердің де қарасы қалын еді. Тікелей эфирге қосылған, стендап жасаған журналистер қарасы көп болды. Мұндай сәтте елдің, ел басшысының абыройы биік болғаны мерейінді өсіре түседі. Әрі Қазақстанның байсалды ішкі-сыртқы саясатын, байбiтшiлiктi сақтау идеясын ту ететiнi, даму мүмкiндiктерiнiң молдығы, түрк интеграциясын тереңдетудегi шешушi қызметi де елiмiзге деген құрметтi арттырған болар деп пайымдадық.

Жалпы, Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркияға жасаған ресми сапарының жұмыс кестесі өте қауырт болғанын байқадық. Салтанатты қарсы алу шарасынан соң келіссөздер басталды. Президенттер Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық серіктестікті одан әрі дамыту перспективасын жан-жақты талқылады.

ЕНДІГІ МЕЖЕ — 15 МИЛЛИАРД ДОЛЛАР

Президенттің ресми сапары кезінде Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің 5-ші отырысы өтті. Бұл кеңес өз жұмысын алғаш 2012 жылы бастаған еді. 2022 жылдың 12-13 қазанында Түркия Президентінің Қазақстанға мемлекеттік сапары кезінде Жоғары деңгейлі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің 4-ші отырысы Астанада өткен-ді. Ендігі кезек Анкараға келіпті.

Жиында Мемлекет басшысы Түркияның ежелден бауырлас, тамырлас және түбі бір туысқан ел екенін атап өтіп, ортақ тарихи және рухани құндылықтарға негізделген қазақ-түрік ынтымақтастығы кеңейтілген стратегиялық серіктестік рухында тұрақты дамып келе жатқанына назар аударды.

— Біз осы сара жолды жалғастырып, өзара байланысты бүгінгіден де биік белеске көтеруге мүдделіміз. Құрметті Президент мырза, Өзінізбен жана ана шағын құрамда өткізген келіссөздерді жоғары бағалаймын. Біз ықпалдастығымызды кеңейтуге ниетіміз бар екенін тағы да бекемдей түстік. Оған біздің мүмкіндігіміз де, ынта-жігеріміз де жеткілікті. Екі елдің арасында ауқымды шарттық-құқықтық негіз қалыптасты. Атап айтқанда, алыстан астам екіжақты шарттар мен келісімдер бар. Бүгін де бірқатар екіжақты келісімге қол қойылады, — деді Мемлекет басшысы.



Кеңесте өзара сауда-саттық көлемін ұлғайту мәселесі талқыланды. Былтыр өзара сауда айналымы 5 миллиард доллар болған. Бұл көрсеткішті еселеуге барлық мүмкіндік бар. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, еліміз Түркия нарығына кемінде 34 түрлі өнім жеткізуге дайын. Оның көлемі 1 миллиард долларға жуықтайды.

Қазақстан Президенті Транскаспий халықаралық көлік бағдарын дамытуға баса мән беріліп отырғанын айтып, заманауи теміржол, құрлықтағы порттар мен жүк терминалдарын салуға және кеме өндірісіне түрік инвестициясын тартуға мүдделі екенімізді мәлімдеді.

Жиында Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін қолға алынған реформалар шетелдік кәсіпкерлерге мол мүмкіндік береді», — деді. Әрі еліміз ашық әрі сенімді серіктес ретінде түрік инвесторларын қолдауға әрқашан дайын екенін атап өтті.

Бұдан бөлек, Кеңес отырысында екі ел делегациялары энергетика саласындағы ықпалдастық мәселесіне тоқталды. Баку — Тбилиси — Жейхан мұнай құбыры арқылы экспорт көлемін арттыру мәселесін талқылады.

Мемлекет басшысы түрік компанияларын энергия тапшылығын жоюға бағытталған жобаларға қатысуға шақырды. Әсіресе, «ҚазМұнайГаз» бен Türkiye Petroleum арасындағы ынтымақтастықтың нәтижелі болатынына сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев жана Салық кодексінде шикізатты терең өңдеуге ынталандыратын роялти тәртібі, яғни айрықша мүмкіндіктер қарастырылғанын жеткізді.

Екі елдің ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастығынан да мол үміт күтеміз. Қазақстанда өндірілетін дәнді-дақылдың төрттен бірі, мекенімізден үштен бір бөлігі, дән желімшесінің (клейковина) 26 пайызы Түркияға экспортталады. Жалпы, елімізде түрік кәсіпкерлерінің қатысуымен ауыл шаруашылығында құны 1,3 миллиард доллар болатын 23 инвестициялық жоба қолға алынған. Олардың 18-і іске қосылып, өнімдері халықаралық нарыққа шығарылып жатыр.

Тараптар қорғаныс өнеркәсібі, ақпараттық технология, жасанды интеллект, қаржы, азаматтық авиация, мәдениет, білім, денсаулық сақтау және туризм салаларындағы ынтымақтастық перспективасы жөнінде егжей-тегжей пікір алмасты.

Соның ішінде, екі елдің білім бағытындағы қатынастарының тамыры тереңде жатыр. Алдағы уақытта Астана мен Алматы қалаларында «Маариф» қорының екі мектебі, сондай-ақ Түркияның үздік оқу орындарының филиалдары ашылды.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Түркияның жер сілкінісі болған Газиантеп провинциясында былтыр желтоқсанда жаңа мектеп құрылысы басталды. Білім беру ошағы келесі жылы пайдалануға беріледі.

Бұдан бөлек, туризм саласындағы оң үрдісті қолдау, сондай-ақ сан қырлы екіжақты байланыстарды ілгерілету үшін Түркия азаматтарына Қазақстан аумағында 90 күнге дейін визасыз жүруге рұқсат беру туралы шешім қабылданды.

Қазақстан делегациясына ілтипат білдірген Режеп Тайып Ердоған Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Екінші отаныңызға қош келдіңіз» деп ерекше құрмет көрсетті. Сондай-ақ қазақтың ұлы ақыны, ойшыл, кеменгер Абай Құнанбайұлының дүниеге келгеніне 180 жыл толуымен құттықтады.

— Біз Қазақстанмен арадағы ынтымақтастыққа ерекше мән береміз. Бүгінде екі ел арасындағы байланыстар стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілді.

Осы он серпінді сауда-саттық, қорғаныс өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, туризм және мәдениет салаларында одан әрі тереңдетуді мақсат етіп отырмыз. Қазақстан — атамекеніміздегі ең ірі сауда серіктесіміз. Сауда айналымын 15 миллиард долларға жеткізу үшін жұмысымызды жалғастырамыз, — деді Түркия Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Режеп Тайып Ердоған Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің бесінші отырысының қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы бірлескен декларациясын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің бесінші отырысының шешімін қабылдады.

Мемлекет басшысының Анкараға ресми сапарының аясында үкіметаралық және ведомстволарлық 18 құжатқа қол қойылды.

31 ШІЛДЕ 2025 | БЕЙСЕНБІ

ТАРИХИ ӘРІПТЕСТІКТІҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

(Басы 1-бетте)

ҚАЗАҚСТАНДА 4 МЫНДАЙ ТҮРІК КОМПАНИЯСЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Жиыннан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Режеп Тайып Ердоған БАҚ өкілдері үшін брифинг өткізді. Мемлекет басшысы, ең алдымен, Түркияға ресми сапармен келуге шақырып, қазақ делегациясына қонақжайлық көрсеткені үшін бауырлас түрік халқына және Президент Режеп Тайып Ердоғанға шынайы ризашылығын білдірді.

— Қос халықтың игілігі үшін түбі бір түрік еліне жасаған әр сапардың мән-маңызы ерекше. Президент Режеп Тайып Ердоғанның басшылығымен Түркия өзінің алтын ғасырлық белесін тарихи жетістіктермен қарсы алып жатыр. Еліңіз жана дәуірге нық қадам басты. Құрметті Президенттің халықаралық сахнадағы сапикалы саясатының арқасында Түркия әлемдегі беделді әрі ықпалды, шынайы құрметке ие мемлекетке айналды. Мұның түп негізінде түрік халқының бірлігі, даналығы және қайсарлығы жатыр. Осындай биік белестерді бағындыру — Президент Режеп Тайып Ердоған мырзаның қажырлы еңбегінің жемісі деп күмәнсіз айтуға болады. Қазақ азаматтары Президент Режеп Тайып Ердоғанды және бүкіл Түркия елін шын жүректен құрметтейді. Қазақстан Түркияның толайым табысына әрдайым қуанады. Болашағының жарқын болуын тілейді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазір екі елдің қарым-қатынасы кеңейтілген стратегиялық серіктестікке ұласқанына назар аударып, нәтижелі келіссөздер қос халық арасындағы байланысты жаңа деңгейге көтеретініне сенім білдірді.

— Түркия — сауда-экономика және инвестиция саласындағы басты стратегиялық серіктесіміздің бірі. Осы орайда өзара тауар айналымын ұлғайту мәселесіне баса назар аудардық. Былтыр екі ел арасындағы сауда-саттық көлемі 5 миллиард доллар болды. Алдағы уақытта сауда айналымын айтарлықтай арттырамыз. Бұған әлеуетіміз жетеді, — деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде 4 мыңға жуық түрік компаниясы жұмыс істейтінін, олармен бірлесіп, құны 6 миллиард доллар болатын бірқатар жоба жүзеге асырылғанын айтты. Ал Қазақстанның Түркияға салған инвестициясының көлемі 2,5 миллиард доллардан асты.

— Біз ашық ері сенімді серіктес ретінде түрік инвесторларын қолдауға әрқашан дайынбыз. Сондықтан Түркия компанияларын ұзақ мерзімге арналған ірі жобаларға атсалысуға шақырамын. Көлік-логистика саласындағы байланысты күшейтуге мүмкіндік мол. Біз елдеріміздің стратегиялық тұрғыдан ұтымды жерде орналасқанын барынша тиімді пайдалануымыз керек. Қазір Еуропа мен Қытай арасында құрылжолмен тасымалданатын жүктің шамамен 85 пайызы Қазақстан арқылы өтеді. Осы ретте Транскаспий халықаралық көлік бағдарын, яғни «Орта дәлізді» дамытудың мән-маңызы зор. Бұл — екі елдің мүддесіне сай келетін бастама. Қазақстан теміржолды жаңғырту, автокөлік жолдарын салу, сондай-ақ Каспий теңізінде кеме қатынасын жандандыру үшін инфрақұрылымды жетілдіру жұмысын қолға алды. Түрік инвесторларын осы жобаларға белсене қатысуға шақырамыз. Үкіметіміз Түркия кәсіпкерлеріне арнайы жеңілдіктер ұсынуға әзір, — деді Президент.

Келіссөз барысында тараптар энергетика саласының маңызына да арнайы тоқталды.

— Қазір Баку — Тбилиси — Жейхан құбыры арқылы жылына 1,4 миллион тонна қазақ мұнайы Түркияға тасымалданады. Біз оның көлемін арттыру мәселесін талқыладық. Türkiye Petroleum компаниясының Қазақстан нарығында жұмыс істеуге ниеті бар. Біз мұны құптаймыз. Энергия көздерін әртараптандыру, жаңа электр стансаларын салу және басқа жобаларды жүзеге асыру үшін түрік компанияларының тәжірибесіне сүйеніп, инвестициялық мүмкіндіктерін пайдалануға мүдделіміз. Ірі жобаларды бірлесе жүзеге асыруға дайынбыз, — деді Мемлекет басшысы.

Президент ауыл шаруашылығын тағы бір маңызды сала ретінде атады. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Түркияның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге сүбелі үлес қосып келе жатқанын атап өтіп, астық және басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау мәселесі жан-жақты талқыланып жеткізді.

Мемлекет басшысы Түркияның қорғаныс және әскери-техникалық бағыттағы зор жетістіктеріне назар аударып, Режеп Тайып Ердоғанды жақында IDEF 2025 халықаралық қорғаныс-өнеркәсіп көрмесінің сәтті өтуімен құттықтады.

Бұдан бөлек, келіссөздер барысында IT-технологияларды бірге дамыту мәселесіне айрықша мән берілді. Мемлекет басшысы еліміздің аталған саладағы жетістіктеріне тоқталып, Қазақстан мен Түркияның IT саласындағы стратегиялық серіктестігін нығайтуға зор мүмкіндік бар екенін мәлімдеді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, мәдени-гуманитарлық байланыс — қазақ-түрік қатынасының алтын көпірі. Соның ішінде білім және ғылым саласының орны ерекше.

— Қазір біздің 12 мыңнан астам студентіміз Түркияда, ал 300 түрік студенті Қазақстанның жоғары оқу орындарында білім алып жатыр. Осыған қолдау көрсеткені үшін Түркия Президенті мен Үкіметіне ризашылығымды білдіремін. Ұзақ жылдан бері Түркістан төрінде Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті табысты жұмыс істеп келеді. Сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің жанынан Түркия-



ның озық білім ошақтарының бірі — Гази университетінің филиалы ашылмақ.

Бұдан бөлек, «Маариф» қорының екі мектебін ашу жұмысын қолға алдық. Бұл — шын мәнінде, айтулы оқиға. Былтыр қол қойылған келісімге сәйкес, Астана медицина университетінің негізінде Медипол Ыстанбұл жоғары оқу орнының филиалын ашу бойынша жұмыс жүріліп жатыр. Еліміздің медицина қызметкерлерін Түркияның жетекші клиникаларында оқыту және біліктілігін арттыру туралы уағдаластыққа қол жеткіздік. Біз осы игі бастамаларды жалғастырып, білім беру, туризм, медицина саласындағы байланысты одан әрі күшейтуге мүдделіміз. Осы тұста сан қырлы байланысты тереңдету мақсатында Түркия азаматтарына Қазақстан аумағында 90 күнге дейін визасыз болу рұқсатын беру туралы шешім қабылданды. Саяхаттаушылар мен кәсіпкерлер үшін бұл қадамның мән-маңызы ерекше деп санаймын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Екі ел президенттері әлемдегі өзекті мәселелерді де талқылады. Әрі қазіргі күрделі кезеңде қарулы қақтығыстардың ушығуына алаңдаушылық білдіретіндерін жеткізді. Қазақстан мен Түркия президенттері барлық жанжал мен қақтығыс дипломатиялық келіссөздер арқылы бейбіт жолмен шешілуі қажет деп есептейді. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев Режеп Тайып Ердоғанның Ресей мен Украина арасындағы жанжалды реттеу ісіндегі айрықша ролін атап өтті.

— Бұл — Сіздің беделіңіз бен ықпалыңыздың айқын дәлелі. Қос елдің Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау жакеттілігі жөніндегі ұстанымы — ортақ. Қазақстан әрбір елдің аумақтық тұтастығын сақталуы керек деген ұстанымды қорғайды. Қазақстан мен Түркия халықаралық аренадағы тиімді ықпалдастығын жалғастыра береді. Қазақстан дипломатиясы Түркі мемлекеттері Ұйымының одан әрі дамуына баса мән бермекші. Осы бағытта Түркия тарапымен бірлесіп жұмыс істей береміз. Жаһандық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін күш-жігерімізді біріктіреміз. Осы тұста Қазақстанның халықаралық бастамаларына көрсетіп жатқан қолдауына, соның ішінде Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі Кеңесті дамытудағы Түркияның үлесіне ерекше ризашылық білдіремін, — деді Мемлекет басшысы. Түркия Президенті келіссөздердің нәтижелі болғанын атап өтті.

— Қазақстан — аймақтағы экономикасы ең ірі ел және біздің негізгі серіктесіміз. Бүгін біз қорғаныс пен энергетикадан бастап, көлік, ғылым мен технологияға дейінгі кең ауқымды салалар бойынша пікір алмастық. Біз тау-кен, сирек кездесетін металдар бағытындағы ынтымақтастық мүмкіндіктерін қарастырдық. Қазақстан мұнайын Түркия арқылы әлемдік нарыққа экспорттау мүмкіндіктерін талқыладық. Тарихи Жібек жолының қазіргі баламасы — Транскаспий көлік бағдарын пайдалану және дамыту жолдарын қарастырдық, — деді Режеп Тайып Ердоған.

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ DEVLET NIŞANI ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ



Ресми сапар барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Республикасының ең жоғары мемлекеттік наградасы — Devlet Nişanı орденімен марапатталды. Бұл орденмен бұған дейін Ұлыбритания патшайымы II Елизавета, АҚШ-тың бұрынғы президенті Билл Клинтон, Әзербайжанның экс-президенті Гейдар Алиев, Швеция королі XVI Карл Густав қатарлы санаулы қайраткерлер марапатталыпты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Республикасының ең жоғары мемлекеттік наградасы — Devlet Nişanı орденін алу зор мәртебе екенін атап өтіп, Президент Режеп Тайып Ердоғанға және барша түрік халқына шынайы алғысын жеткізді.

— Мен отандық немесе шетелдік орден және басқа да марапаттарды қабылдаудан бас тарттым. Алайда бүгінгі Сіздің шешімініздің мән-маңызы ерекше деуге болады. Бұл — қазақ-түрік ынтымақтастығы жылнамасындағы мағынасы терең тарихи оқиға. Сіз осы шешіміңізбен бабаларымыздың аманатына берік екеніңізді тағы бір мәрте көрсеттіңіз. Бізге асыл мирас болып қалған баға жетпес мұрамыз — достық пен бауырластық байланыстарды бекемдей түстіңіз. Бұл жоғары марапатты түрік елінің барша қазақ халқына көрсеткен ерекше құрметі деп санаймын. — деді Мемлекет басшысы.

Президент әріптесі Режеп Тайып Ердоғанды әлемдік деңгейдегі көреген, ықпалды, аса көрнекті саясаткер, өңірлік және жаһандық тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуға өлшеусіз үлес қосып отырған тарихи тұлға деп атады.

— Парасатты саясатыңыз бен ел мүддесін ілгерілету жолындағы табанды әрі қажырлы еңбегіңіздің арқасында осындай абырой биігіне шықтыңыз. Түркияның бүкіл дүниежүзіндегі беделі ешкімнің күмәнін тудырмайды. Сіздің басшылығыңызбен Түркияның қол жеткізген табыстары әлемнің әрбір түкпірінде мойындалатын болды. Түркияның әлем

ауқымды әлеуметтік-экономикалық мақсат-міндеттерді жүзеге асырып жатқанын мәлімдеді.

— Оның нәтижесі де жақсы деуге болады, экономикалық өсім — тұрақты. 2024 жылдың қорытындысы бойынша жалпы ішкі өнім 5,1 пайызға өссе, биылғы жартыжылдықта экономикамыз 6,2 пайызға ұлғайды. Биыл жалпы ішкі өнімді 300 миллиард долларға жеткізуді көздеп отырмыз. Бұл — Орталық Азиядағы ең үлкен көрсеткіш. Алға қойған мақсат-міндеттерге жету үшін Қазақстан келесі 4 бағытқа басымдық беруде. Олар: цифрландыру және жасанды интеллектті дамыту; көлік және транзиттік әлеуетті нығайту; ауыл шаруашылығы саласын жаңғырту; энергетика және өнеркәсіп саласында ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске қосу. Осы міндеттерді табысты жүзеге асыру ісінде Түркиямен ықпалдастыққа ерекше мән береміз, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, Қазақстандағы ішкі ахуал тұрақты. Елімізде заң мен тәртіп тұжырымдамасына негізделген саясат белсенді түрде жүргізіліп жатыр.

— Саяси реформаларды табысты жүзеге асырудамыз. Біздің мемлекетіміз «Күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» қағидасын ұстанады. Қазір елімізде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы қарқынды іске асырылып жатыр. Бұл науқанның мән-маңызы терең. Тазалық дегеніміз, бұл — әрбір азаматтың болмысын өзгерту, санасын жаңғырту деген сөз. Еліміз — жасыл, халқымыз — адал, ниеті — таза болуы керек деп халқымызға түсіндіріп айтып жатырмыз. Ішкі саясатымыздың түпкі мақсаты — Әділетті Қазақстанды құру, «Халық үніне құлақ асатын» мемлекетті қалыптастыру. Қазақстанның сыртқы саясаты — сарабал, көпбағытты және теңгерімді. Көрші елдермен қарым-қатынастарымызды достық, өзара түсіністік рухында дамытып жатырмыз. Дипломатиямызда Түркияның орны өте маңызды, ерекше деп айтуға болады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Режеп Тайып Ердоған екі ел арасындағы сан қырлы ынтымақтастықты жаңа деңгейге шығаруға Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өлшеусіз үлес қосқанын атап өтті.

— Қымбатты бауырым Қасым-Жомарт Тоқаевтың сындарлы басшылығымен Қазақстан өз аймағындағы бейбітшілік пен тұрақтылықтың мекеніне айналды. Қазақстанның жетістіктерін біз әрқашан мақтан тұтамыз. Сондай-ақ Қазақстанның Түркі мемлекеттері ұйымын институттандыруға қосқан үлесін жоғары бағалаймын. Түркия мен түрік халқының досы екеніңізді бірнеше мәрте көрсеттіңіз. Осы орайда мен Сізге Түркия Республикасының ең жоғары марапатын табыстауды



мойындаған жетістіктері, қарқынды дамуы, халықаралық қауымдастықтағы биік беделі мен зор ықпалы Сіздің атыңызбен тікелей байланысты. Бүгінде еліңіз экономикалық дамуы бойынша әлемнің жетекші 20 мемлекетінің қатарында. Сарапшылардың болжамы бойынша Түркияның болашағы — жарқын, ал дүниежүзіндегі ықпалы арта бермек. Сіздің көшбасшылығыңызбен тұғыры биік Түркия өзінің жаңа алтын дәуірінде биік белестерді бағындыра беретініне кәміл сенемін. Біз Түркияның Қазақстанның Тәуелсіздігін таныған алғашқы мемлекет болғанын еш уақытта ұмытпаймыз. Бұл егемен Қазақ елінің жылнамасында сақталатын өшпес тарихи дерек, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Режеп Тайып Ердоғанның қазақ-түрік қарым-қатынастарын нығайтуға қосқан сүбелі үлесіне жоғары баға берді.

— Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастық қарқынды түрде дамуда. Былтыр еліңізге 800 мыңға жуық Қазақстан азаматы сапарлап келді, ал биыл бұл көрсеткіш 1 миллионнан асуы мүмкін. Халықаралық сахнадағы ықпалдастығымыз — белсенді. Біздің елдеріміздің жаһандық тұрақты даму және қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ұстанымдары — ортақ. Әсіресе, Түркі мемлекеттері ұйымы аясындағы тиімді іс-қимылдарымызды атап өткім келеді. Сонымен бірге екіжақты ынтымақтастықты еселеп, оны жаңа сапалы деңгейге көтеруге толық мүмкіндік бар. Бүгінгі келіссөз қорытындылары — соның айқын дәлелі, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазір Қазақстан өзінің мойындалған мәртебесін нығайту үшін теңгерімді саясат жүргізіп,

«Айдын арғы бетіндей» қырлары болатынын ескеру қажет.

Дегенмен Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркияға ресми сапарын Қазақстан ұстанымын бауырларға толық мойындатудың үлгісі деп бағаладық. Әрі инвестициялық климаттың жақсаруы сапалы инвесторлардың қызығушылығын оята бастағанын байқадық. Енді бізге бұрынғыдай Қазақ жерінің асты-үстіндегі байлықты шикізат күйінде сата беретіндер емес, өңдеп, әлемдік нарықта сұранысқа ие өнім шығаратын инвесторлар көбірек назар аудара бастағанын көрдік.

Айталық, Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауында болған Хусейін Барлин S Sistem Lojistik компаниясының басқарма төрағасы қызметін атқарады. Бұл компания Ақтөбе халықаралық әуежайында логистика орталығын құрып жатыр. Президент компания бастамасына қолдау білдірді. Жоба «Қазпошта» акционерлік қоғамымен бірге жүзеге асырылады.

Ал бұл жобаның маңыздылығы неде дейтін болсақ, логистикалық орталық әуекөлiктерi арқылы жүк тасымалдау iсiне араласуға мүмкіндік береді. Сөйтіп, «Орта дәліз» жобасының үш компонентін де игеруге жол ашылады. Бізде темір жол мен автомобиль жолы дамып жатыр, бұл бағыттардан өз үлесіңізді аламыз. Ал әуекөлiгi арқылы жүк тасымалдау мәселесінде кенжелеу қалғанымыз бар. Түрік инвесторы бұл бағытта ұлайымды түгендеуге мүмкіндік береді. Сондықтан Қасым-Жомарт Тоқаев логистика инфрақұрылымын кешенді түрде дамыту өте маңызды екенін ескерді. Мұның бәрі транзит уақытын қысқартуға және экспорт инфрақұрылымын жақсартуға мүмкіндік береді.

Тағы бір мысал: Қазақстан басшысының қабылдауында болған кәсіпкер Сүлеймен Тирьякюғлы Tiryaki Holding компаниясының атқарушы директоры қызметін атқарады. Tiryaki Holding — дәнді, майлы дақылдар, жем-шөп өндіру және экспорттау бойынша әлемдегі көшбасшы компаниялардың бірі. Компания Астана қаласынан бидай мен бұршақты терең өңдеу зауытын салуға шешім қабылдапты. Демек, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу кезеңіне де аяқ басып келеміз деген сөз.

Ал Orzax Group компаниясы болса әлемдегі биологиялық белсенді қоспалар нарығында көшбасшылардың бірі саналатын компания. Президент компанияның басқарма төрағасы Селман Алимөліны да қабылдаған еді. Компания Түркістан облысында биологиялық белсенді қоспалар өндіретін зауыт салуға бекініпті. Бүгінде Orzax Group биологиялық белсенді қоспалардың 150 түрін өндіріп, әлемнің 60 еліне экспорттайды. Қазақстандағы өндіріс жобасына компания 40 миллион

доллар инвестиция құйып, 500 адамды тұрақты жұмыспен қамтуды жоспарлап отыр.

Бұл мысалдар Қазақстанның ішкі-сыртқы саясаты, жасалып жатқан реформалар бір-бірімен жымдасқан, кешенді екенін, Президент айтқан 4 бағытпен үндесетінін көрсетеді. Инвесторлар осы осы бағыттарды ескеретін болса керек. Одан бөлек, ел ішінде қабылданған шешімдердің де сырттағы келісімдермен тікелей немесе жанама түрде үндесетінін пайымдалық. Айталық, бірер апта бұрын Президент туристік аймақтарды дамыту мәселесінде кеткен олқылықтарды түзеуге қатысты Үкіметке тапсырма бергені бар. Енді, міне Түркия азаматтарына визасыз 90 күн жүруге рұқсат етілді. Ал біз бұл шешімдер бір-бірімен үндесіп деп білеміз. Визасыз жүру «атажұртым» деп тұратын түркиялықтарды біздің елге қызықтыру үшін қажет болса, олар келгенде сапалы курорттық аймақтардың дұрыс жұмыс істегені де керек. Әйтпесе, былтыр Түркияға Қазақстаннан 800 мыңға жуық азамат барыпты. Көбі демалуға барғаны анық. Енді түркиялықтардың бізге де келгені қажет. Көрсететін жәдігерлеріміз бен қазыналы аймақтарымыз бар. Тек дұрыс ұсына білмек керек.

Қысқасы, Президенттің мемлекеттік, ресми, жұмыс сапарларындағы кездесулер, жасалған келісімдердің бәрі маңызды екенінен көз жетті. Әр келісімнің астарында мемлекет мүддесі болатыны сөзсіз. Түркия сапарында да осы мүдде ескерілгенін сөздік. Ал мемлекет мүддесінің үлкен-кішісі болмайды.

Амангелді ҚҰРМЕТ,
Астана-Анкара-Астана

СЕНАТ



АЛАТАУ ОЗЫҚ
ШАҺАРҒА АЙНАЛАДЫ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Алматы облысында Мемлекет басшысының өңірлердің өсіп-өркендеуіне жол ашатын жаңа өндіріс орындарын дамыту жөніндегі тапсырмасын іске асыру барысымен танысты. Сапар аясында еліміздің оңтүстік-шығысындағы маңызды стратегиялық жобалардың бірі – Алатау қаласын салу жоспарына баса мән берілді.

Палата Спикері қаланың Бас жоспарымен танысып, алдағы уақытта қолға алынатын іргелі жобаларға назар аударды. Алатауда төрт салалық кластерді қамтитын арнайы экономикалық аймақ құрылған. Олар: мәдениет және туризм орталығы, білім және медицина аймағы, іскерлік және қаржы орталығы, сондай-ақ индустриялық-логистикалық аудан. Жоспарға сәйкес 2050 жылға қарай жаңа қаланың тұрғындары 2 миллионға жетуі мүмкін. Мұнда 400-ден астам әлеуметтік нысан салынып, жыл сайынғы туристік ағын 4 миллион адамнан аспақ.

Мәулен Әшімбаев Алатауды дамыту ауқымды қала салумен ғана шектелмейтінін атап өтті. Оның айтуынша, Мемлекет басшысының осы тапсырмасын сапалы іске асыру бүкіл өңірдің өркендеуіне оң әсерін тигізеді.

«Алатау қаласы былтыр Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен құрылды. Бұл – Алматы агломерациясына ғана емес, бүкіл елдің дамуына тың серпін беретін перспективасы зор маңызды бастамалардың бірі. Сенат өңірлердің мүддесін қорғайтын Палата ретінде аймақтардың дамуына белсенді ықпал етіп келеді. Сондықтан алдағы уақытта Алатау инновация, инвестиция және талантты жандарды тартатын озық дамыған шаһарға айналуға тиіс деп есептейміз. Осы маңызды жобаның сапалы және уақытылы жүзеге асырылуы үшін бәріміз күш салуымыз қажет», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы Алатау арнайы экономикалық аймағында орналасқан ірі нысандардың қызметімен танысты. Атап айтқанда, ол үздіксіз жүк тасымалын қамтамасыз ету және өңірлік сауданы дамыту ісінде маңызды рөл атқаратын «Исткомтранс» көлік-логистикалық орталығына арнайы барды. Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев FRUIT ART ЖШС жеміс-жидек комбинатының жұмысшыларымен кездесті. Серіктестіктің құрамында жыл бойы құлпынай өсіретін жылыжай кешені, сыйымдылығы 15 мың тоннаға жететін жеміс қоймасы және неміс технологиясы бойынша жұмыс істейтін сублимация комбинаты бар. Бұл кәсіпорынға жалпы көлемі 44 млрд теңгеден астам инвестиция салынған. Сенат Төрағасы агроөнеркәсіптік кешенді одан әрі өркендетудің және осы бағыттағы кәсіпорындарды қолдаудың маңызды екенін айтып, олардың елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тигізетін әсері зор екенін тілге тиек етті.

МӘЖІЛІС

ӘЛЕМДІК ПАРЛАМЕНТ СПИКЕРЛЕРІ –
ӘДІЛЕТ ҮШІН

Мәжіліс Төрағасы бастаған делегация Женева қаласында өтіп жатқан Парламент Спикерлерінің VI Дүние-жүзілік конференциясына қатысты. Ерлан Қошанов жалпы дебатта сөз сөйлеп, екіжақты кездесулер өткізді.

Биыл Спикерлер конференциясы «Алмайып әлем: баршаға ортақ бейбітшілік, әділет және өркендеу жолындағы парламенттік ынтымақтастық пен көпқырлылық» тақырыбына арналды. Отырысқа 115 елдің өкілі қатысты, соның ішінде 80-нен астам Парламент Спикері бас қосып отыр. Тараптар көпжақты қарым-қатынасты нығайту, бейбітшілік пен тұрақтылықты дамыту үшін парламентаралық іс-әрекетті күшейту мәселесін жан-жақты талқылады.

Алқалы жиында Мәжіліс Төрағасы сөз сөйлеп, қазір өзара сыйластықты, сенімділікті, әділеттілікті, диалог пен ортақ шешімдер қабылдауды қажет ететін уақыт екенін атап өтті. Сондай-ақ биылғы конференцияның Біріккен Ұлттар Ұйымының 80 жылдығы қарсаңында өтіп жатқанының символдық мәні зор екеніне назар аударды.

– Осы айтулы күнге орай Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы мен жаһандық басқарудың көпжақты жүйесін берік ұстанатынын ерекше атап өтемін. Еліміз дауларды дипломатиялық жолмен шешу, күш қолданбау, егемендік пен аумақтық тұтастықты құрметтеу бағытын басшылыққа алады. Бұл – біздің Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың берік ұстанымы, – деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Спикері бүгінде жаһандық қарусыздану режимін нығайту және жаппай қырып-жою қаруын таратпау өзекті мәселеге айналып отырғанына мән берді. Осы ретте, ядролық мемлекеттер арасындағы өршіп келе жатқан шиеленісті ескере отырып, «Парламентарийлер – ядролық қаруды таратпау және қарусыздандыру үшін» алаңын белсенді түрде пайдалануға шақырды.

Тағы бір жаһандық мәселе – климаттың өзгеруі. Бұл тақырыптың төңірегінде де қызу пікірталас өрбіді. Ерлан Қошанов климатқа қатысты әрекеттерді жеделдетіп, Орнықты даму мақсаттарына жету жолында күш-жігерді жұмылдыру маңызды екенін айтты.

Келесі жылы Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымымен бірлесіп, Өңірлік экологиялық саммитін өткізеді. БҰҰ Бас Ассамблеясы Қазақстанда Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Орнықты даму мақсаттары жөніндегі



өңірлік орталық ашты. Мұның бәрі – ортақ мұраттарға қол жеткізуге бағытталған үлкен қадамдар.

Сонымен қатар Мәжіліс Төрағасы парламентарийлерге әділеттілік, теңдік және инклюзивтілік принциптерін ілгерілету ісінде ерекше жауапкершілік жүктелгенін атап өтті. Осыған байланысты БҰҰ-ның «Болашақ үшін пактісін» қолдаудың маңызын айтты. Сондай-ақ халықаралық міндеттемелерді ұлттық іс-әрекетке айналдырудағы біріккен күш-жігердің мәні зор екеніне назар аударды.

– Бұл ретте Қазақстан Парламенті ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Әділетті Қазақстан – заң үстемдігі негізінде барлығы және әркім үшін тең мүмкіндіктер мемлекетін құру бастамасын іске асыруға белсенді қатысуда. Әлеуметтік әділеттілік қағидатын іске асыратын бірқатар заң қабылданды. Ауқымды саяси жаңғыру жүріп жатыр, экономикалық реформалар жүзеге асырылуда. Ол жай ғана науқан немесе саяси дискурстың бөлігі емес. Бұл – адамның саяси және экономикалық құқықтарын қамтамасыз ету, оның қадір-қасиетінің құрметтелуі үшін мызғымас жағдай қалыптастыру. Бұл – тәуелсіз Қазақстанның өсіп-өркендеуінің кепілі. Сондай-ақ ол біздің жалпыға ортақ бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісіне қосқан үлесіміз, – деді Ерлан Қошанов.

Конференция қорытындысы бойынша арнайы декларация қабылданды.

Сонымен бірге Мәжіліс Спикері саммит алаңдарында бірқатар екіжақты кездесу өткізіп, парламентаралық байланысты тереңдету мәселесін талқылады. Ерлан Қошанов әріптестеріне Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың сыртқы саясаттағы басымдықтарына тоқталып, Қазақстанда жүргізіліп жатқан ауқымды саяси-экономикалық

реформалар мен іргелі өзгерістердің мән-маңызын түсіндірді.

Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитетінің төрағасы Чжао Лэйзиге екі ел арасындағы сауда-экономика, инвестиция мен туризм саласында әріптестікті тереңдету мәселесі сөз болып, мәдени-гуманитарлық ықпалдастықты арттыруға ерекше мән берілді.

Вьетнам Ұлттық жиналысының төрағасы Чан Тхань Манмен келіссөздер барысында тараптар екі елдің қарым-қатынасы стратегиялық деңгейге жеткенін атап өтті. Мәжіліс Төрағасы алдағы уақытта да екі елдің ынтымақтастығы қарқынды дами беретініне сенім білдірді.

Швеция Парламентінің спикері Андреас Норленмен жүздесуде тараптар парламентаралық ынтымақтастықты жандандыруға мүдделі екенін айтты. Қазақстан мен Швеция арасындағы екіжақты қатынастарды кеңейту үшін екі ел Парламенттерінің әлеуеті зор. Спикерлер осы бағытта жұмысты күшейтуге уағдаласты.

Моңғолияның Ұлы Мемлекеттік Хуралының Төрағасы Дашзэвгийн Амарбаясгаланмен кездесуде экономика, мәдениет саласындағы ынтымақтастық пен заң шығарушы органдардың ықпалдастығы қозғалды.

Сонымен қатар Сингапур Парламентінің төрағасы Сеа Киань Пэнмен де мазмұнды әңгіме болды. Тараптар екі елдің достығы мен ынтымақтастығына ерекше тоқталып, парламентаралық байланысты нығайту жайына ерекше назар аударды.

Будан бөлек, Ерлан Қошанов Ресей, Әзербайжан, Тәжікстан, Молдова, Грузия және Пәкістан Парламенттерінің басшыларымен де пікір алмасып, парламентаралық ынтымақтастық жайын сөз етті.

«КЕЛЕШЕК МЕКТЕП» –
ЖАНАШЫР ЖОБА

Ел Президентінің бастама-сымен жүзеге асып жатқан «Келешек мектеп» ұлттық жобасы – еліміздің білім беру саласындағы жаңа кезеңнің бастауы. Жоба аясында республика бойынша балалардың сапалы білім алуы үшін қолайлы жағдай жасау, заманауи инфрақұрылыммен қамтылған жаңа мектептер салу көзделген. Бұл бастама Түркістан облысында да қарқынды жүзеге асырылып келеді.

2024-2025 оқу жылында Түркістан облысында 13 жаңа жайлы мектеп пайдалануға берілді, олардың 9-ында бүгінде оқу процесі жүріп жатыр. Аталған 9 мектептің жобалық қуаты 10 300 оқушыны қамтуға есептелсе, қазір бұл мектептерде 7 694 оқушы білім алады, яғни жүктеменің орындалу деңгейі 76,9 пайызды құрап отыр. Жалпы облыс бойынша 29 жайлы мектептің құрылысы мен іске қосылуы жоспарланған. Бұл туралы Түркістан облысы Білім басқармасы басшысының орынбасары Айгүл Қасымбекова атап өтті.

Жаңа мектептердің толыққанды жұмыс істеуі үшін қажетті рұқсат құжаттары да өз мерзімінде рәсімделіп жатыр. Бүгінде 13 мектептің 12-сі білім беру қызметімен айналысуға рұқсат беретін лицензияға ие.



Ал Шардара мен Сарыағаш аудандарындағы №12 және №37 жалпы білім беретін мектептерде қолданыстағы лицензия негізінде жұмыс жалғасуда. Бұл екі мектептің мекен-жайына қатысты өзгерістерге байланысты жаңа лицензия алу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Лицензиясы ресми түрде берілген 10 мектептің қатарына Созақ, Отырар, Мақтаарал, Сауран, Сарыағаш және Жетісай ауданындағы 2 мектеп пен Түркістан қаласындағы 3 жалпы білім беру мектебі бар. Сонымен қатар Келес ауданындағы №64 мектепке лицензия алу үшін өтінім берілген. Жаңа оқу жылына дейін 16 мектеп іске қосылмақ. Бұл мектептердің жобалық қуаты 9 900 оқушыға есептелсе, шамамен 7 963 бала қамтылатын болады. Бұл 80 пайыздық тиімділік деңгейін көрсетеді.

Айгүл Ерғалиқызы жаңа мектептер тек ғимарат тұрғысынан емес, педагогикалық

кадрлармен де толық қамтамасыз етіліп отырғанын тілге тиек етті. Сондай-ақ 800-ге жуық педагог жаңа мектептерге ауысу тәртібімен келіп жатыр. Басқарма басшысы орынбасарының айтуынша, бұл – жаңа білім ордаларында оқу процесінің сапалы ұйымдастырылуына үлкен сеп.

«Келешек мектеп» ұлттық жобасы – жай ғана жаңа ғимарат салу емес, балаларға сапалы білім мен қолайлы орта ұсынуға бағытталған ауқымды мемлекеттік реформа. Түркістан облысында бұл жоба табысты әрі қарқынды жүзеге асып келеді. Жаңа мектептер заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталып, цифрландырылған білім беру ортасына сай бейімделуде. Өңірдегі келешек мектептер толықтай отандық жиһазбен жабдықталып отыр. Бұл – жергілікті өндірісті қолдауға бағытталған нақты қадам. Білім ұяларына қойылатын парталар, шкафтар мен мұғалімдер үстелі секілді барлық қажетті жиһаз Қазақстанда жасалған өнімдер негізінде таңдалуда. Мұның өзі отандық өндірісті ынталандырып қана қоймай, жиһаз сапасының жоғары болуына және мектептерді уақытылы жабдықтауға мүмкіндік береді», – дейді Айгүл Қасымбекова.

Түркістандағы білім беру нысандарына отандық өнімдерді енгізу Мемлекет басшысының «Сапа мен тиімділік – басты назарда болуға тиіс» деген тапсырмасына сай жүзеге асып отыр. Жалпы, Түркістан өңіріндегі жаңа мектептер білім сапасының жаңа деңгейіне жол ашып, жас буынның заманауи талаптарға сай дамуына мүмкіндік береді.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Түркістан облысы

СПОРТТЫҚ НЫСАНДАР
ТЕКСЕРІСТЕН ӨТТІ

Түркістан қаласында «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында бой көтеріп жатқан бірқатар спорттық нысанның құрылысы партия назарында. Жұырда облыстық филиал өкілдері осы нысандарға арнайы барып, құрылыс барысын тексерді.



Іссапар барысында партияның Түркістан облыстық филиалы төрағасының уақытша міндетін атқарушы Қалыйма Жантөреева бастаған делегация жаңа ипподром, есек есу каналы мен спорт кешендерінің құрылысымен танысты. Делегация құрамында Түркістан қалалық филиалының атқарушы хатшысы Сұлтанхан Таштеев, партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Бегзахмет Абусейітов және қалалық мәслихат депутаттары болды.

Бірінші кезекте партия өкілдері 99 гектар аумақта салынып жатқан көп-функционалды ипподромның құрылысын зерделеді. Бөйге жолының ұзындығы 4 шақырымды құрайтын бұл нысан заманауи инфрақұрылыммен қамтамасыз етілмек. Қазір «ВД Строй инженеринг» ЖШС нысанның екінші кезеңін қарқынды жүргізіп жатыр.

«Жаңа ипподром – өңірде ат спортын дамытуға арналған ірі жоба. Бұл – тек спортты емес, ұлттық дәстүрді дәріптейтін маңызды нысан. Партия бұл жобаның уақытылы әрі сапалы аяқталуын жіті бақылауда ұстайды», – деді Қалыйма Жантөреева.

Сондай-ақ аманаттықтар халықаралық стандарттарға сай есек есу каналының құрылысын тексерді. Аумағы 100 гектарды құрайтын, ұзындығы 2,2 шақырымнан асатын бұл канал құрылысы үш кезеңмен жүргізілуде. Қазір екінші және үшінші

кезеңдегі жұмыстар қатар атқарылып жатыр. Мердігер «Қаратас мейнинг» ЖШС-ның жобаны белгіленген мерзімде аяқтайтыны айтылды.

Облыстық партия филиалы төрағасының уақытша міндетін атқарушы Түркістан қаласы әкімдігінің тапсырысымен Бекзат шағынауданында салынып жатқан спорт кешенінің құрылысын да зерделеді. Аумағы 858 шаршы метрді құрайтын нысан М.Мақатаев көшесінде орналасқан. Бұл кешен балалар мен жастар үшін спорттық инфрақұрылымды қолжетімді етуді көздейді. Дегенмен құрылыс кестесінен кешігу мәселесі де назардан тыс қалмады.

«Партиялық бақылау тобының мүшелері кешеннің уақытында аяқталмауына байланысты мердігерге ескерту жасап, нысанды жаңа оқу жылы басталғанға дейін толық пайдалануға беруді тапсырды. Балалардың спортқа жазылып, жаттығуға қатысуы үшін кешен жаңа оқу маусымы басталғанға дейін дайын болуы керек. Бұл – жай талап емес, ел аманатына берілген уәде», – деді Түркістан қалалық филиалының атқарушы хатшысы Сұлтанхан Таштеев.

Тексеру нәтижесінде анықталған барлық мәселені шешу жөнінде нақты тапсырмалар берілді. Партия өкілдері барлық спорт нысанның құрылысы мен пайдалануға берілуін қатаң бақылауда ұстайтынын мәлімдеді.

Елнар ЕЛТАЙ



МЕЖЕ

31 ШІЛДЕ 2025 | БЕЙСЕНБІ

ҚҰНДЫЛЫҚ

ЖАРАСЫМ ЖОЛЫ – ЖАСАМПАЗ ҚОҒАМ

Ұлтаралық келісім – әрбір елдегі бейбітшілік пен тұрақтылықтың маңызды факторы, басты құндылықтардың бірі. Президенттің өзі: «Жаңа сын-сынаққа төтеп беру үшін, ең алдымен, ұлттық құндылықтарды қорғай білген жөн. Ана тілімізді, салт-дәстүрімізді, ұлттық сана-сезімді, қоғамдағы татулық пен келісімді, береке-бірлікті сақтай алмасақ, келер ұрпақ бізді кешірмейді», – деген-тін. Қазақ елі түрлі этностың жарасымда өмір сүруіне жағдай жасаудың, бірлік пен бітімді бекем етудің, баршаны өрлеу жолындағы өзара әрекеттестікке жұмылдырудың төл жолын таба білді.

Айхан ШӘРІП

2025 жылы жаһандағы қарулы қақтығыстардың саны сонау 1946 жылдан, яғни Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан бергі ең жоғарғы шекке жетті. Бұл туралы Ослодағы Бейбітшілікті зерттеу институты (PRIO) ғалымдарының жуырда жарияланған зерттеуінде айтылады. Ғалымдар тарихи шегіне жеткенімен, сонымен тоқтамай, қанды қырғындардың саны әрі қарай артып бара жатқанына екпін түсірді.

«Қақтығыстар тенденциясы: жаһандық шолу» зерттеуінде көрсетілгендей, ең құрығанда, тараптардың бірі мемлекет болып табылатын соғыстар мен әскери шиеленістердің саны 2022 жылы – 56-ны, 2023 жылы – 59-ды, 2024 жылы 61-ді құраған. Биыл шырқау шегіне жетіпті. Әлемде 110-ға дейін қақтығыс тіркелген. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғалы, бірде-бір жылда осынша көп қарулы тайталас тіркелмеген екен.

Мысалы, бірқатар бағалау бойынша 2022 жылдан Ресей және Украина арасындағы соғыс жауынгерлерін, бейбіт тұрғындарын қоса алғанда, бір жарым миллионға жуық адамның жанын жалмаған не мүгедек еткен. Өзге мемлекетаралық әскери жанжалдар кесірінен бір жыл ішінде шамамен 129 мыңдай жан мерт болған. PRIO зерттеушілері әлемде күш көрсету, зорлық, тартыс деңгейі соңғы үш жылдағы жоғарғы деңгейге жеткенін ескертті.

– Бұрынғыға қарағанда, бүгінде адамзат анағұрлым қатігез әрі алауыз жағдайда! Әлемдік зорлық-зомбылықтың ұшығуы аясында, талас-тартыс ахуалында мемлекет тарапынан да, қоғам тарапынан да бейжайлық көзқарас таныту, оқшаулану-изоляциялизм саясатын ұстану салмақты қате болып есептеледі. Мұндай көзжұмбақ пен немқұрайлық болашаққа да кесірін тигізуі, ұзақмерзімді салдарларға соқтыруы мүмкін, – делі есептің жетекші авторы, институт директоры Сири Аас Рустад ханым.

Осындай аумалы-төкпелі, елең-алаң шақта Қазақстан халқына ауызбіршілігін, достығын, ұлтаралық келісін сақтау, дамытып баптау – ауадай қажет. Ол үшін мемлекет пен қоғам ел алдында тұрған заманауи жаһандық сын-қатерлерге назар аударып, олардың шешімін бірлесе іздегені жөн. Қазақ



стандыктардың бейбітшілікке, тұрақтылық пен бірлікке «өздігінен келе салған нәрседей» қарамағаны, қайта оны нығайтуға әрбір азамат өз саласында үлес қосқаны маңызды.

Қазақстан Республикасында 100-ден астам этнос тұрады. 2021 жылғы соңғы ұлттық халық санағының қорытындыларына сәйкес, Қазақстан халқының 70,4%-дан астамын қазақтар құрайды. Одан кейінгі орында орыстар (15,5%), өзбектер (3,2%), украиндер (2%), ұйғырлар (1,5%), немістер (1,2%), татарлар (1,1%), әзербайжандар (0,8%), кәрістер (0,6%), түріктер (0,5%), дүнгендер (0,4%), белорустар (0,4%), тәжіктер (0,3%), құрдртер (0,3%), шешендер (0,2%), поляктар (0,2%), қырғыздар (0,2%) тұр. Қалған этнос өкілдерінің үлесі 1,4%.

Демографтар бұл жерде мемлекет құраушы қазақ ұлтының «балқыту қазандығы» рөлін атқаратынын айтады. Осы ұғым 2026 жылға дейінгі Қазақстан халқы Ассамблеясының даму тұжырымдамасына да енгізілді. Алайда сарапшылар әлемдегі шиеленістер өршіген жағдайда халқының құрамы этникалық тұрғыдан күрделі болып келетін

“**Осындай аумалы-төкпелі, елең-алаң шақта Қазақстан халқына ауызбіршілігін, достығын, ұлтаралық келісін сақтау, дамытып баптау – ауадай қажет. Ол үшін мемлекет пен қоғам ел алдында тұрған заманауи жаһандық сын-қатерлерге назар аударып, олардың шешімін бірлесе іздегені жөн.**

мемлекеттерге каннен-қаперсіз қалмай, бәрібір ынтымақ, ымыра мен жарастығын жақсарту беруі керектігін қаперге салды.

Бұл істе мемлекет те салмақты іс тындырып келеді. Ел басшылығының өзі тұрақты түрде этносаралық және конфессияаралық процестердің тамырын басып, жіті қадағалап, соны бастамалары мен тың тетіктерін үнемі іздестіріп ұсыну үстінде. Ұлттық бірлікті нығайта түсу үшін Қазақстан халқы Ассамблеясы мен барлық мемлекеттік органдар тұрақты, күнделікті жұмыс істеп жатыр.

Ресми мәлімет бойынша Қазақстанда тіркелген этномәдени бірлестіктердің саны шамамен 600-ді құрайды. Олардың жүз мыңнан аса тұрақты, белсенді мүшелері бар. Бұл ұйымдардың республикалық, өңірлік, облыстық, қалалық, аудандық және басқа деңгейдегі бөлімшелері құрылған.

Этномәдени бірлестіктердің құрамына кіретін клубтар мен үйірмелердің саны 700-ден асқан. Бұл бірлестіктер этносаралық татулықты сақтауға бағытталған, жүздеген мың адамды қамтитын көптеген іс-шара өткізеді.

Сонымен бірге, ресми мәліметке жүгінесек, мемлекеттік тіркеусіз жұмыс істейтін этномәдени бірлестіктер де ортақ іске өз еншісін қосып жатыр. Олардың саны қазіргі уақытта 498-ден көп. Мүшелерінің саны он мыңнан асады. Бұлардың құрамында 425 түрлі

айтуынша, 2024 жылдан бері ҚХА өз қызметін жаңа форматта жандандырды. Ол қоғамдық процестерге этнос өкілдерін тартып, ынта-ықыласын арттыруға бағдарланған.

– Бір жыл ішінде Ассамблеяның өзі мың іс-шара өткізді, бұл оның жиын-аралық кезде бұйығы жататын құрылым емес, қоғамдық келісім саласында мемлекеттік саясатты ілгерілететін шынайы механизм екенін айғақтайды. Республиканың өңірлерінде 600-ден аса этномәдени бірлестіктер, сондай-ақ қоғамдық кеңестер, ақсақалдар мен аналар кеңесі жұмыс істейді. Нақты әлеуметтік проблемаларды шешуге атсалысады. Өңірлерде ҚХА бітістіру-медиация тәжірибесін дамытып, осы арқылы дау-жанжалдарды тиімді реттеуге ден қойды. Бұл қоғамдағы кернеу деңгейін төмендетуге, құқықтық мәдениетті нығайтуға септеседі, – делі 3. Кузиев.

Жастардың азаматтық белсенділігін күшейту үшін Ассамблея «Жаңғыру жолы», Ұлттық бірлік мектебі, тіл үйрету орталықтары сияқты бастамаларды жүзеге асырады. Жас ұрпақ этностардың тарихы мен мәдениетіне қанығады.

ҚХА өкілінің пайымдауынша, бұл жобалар өскелең ұрпақтың бойында Отанға адалдық, патриотизм, бірлік сезімдерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте цифрландыру мен жоғары технологиялар Ассамблея қызметін қолжетімді ете түсті және қамтылатын аудитория ауқымын елеулі кеңейтті. Соның нәтижесінде, ол қалалар мен аудандар шегінен шығып, шалғай ауылдарға дейін жете алады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы ел басшылығының түрлі саладағы мемлекеттік саясатын ілгерілетуге жұмылады. Мысалы, ол тек ішкі тұрақтылық пен келісімді қамтамасыз етуге емес, сондай-ақ Қазақстанның халықаралық он имиджін түзуге де қызмет етеді. Мұнда еліміздің мақтанары бар, себебі ол – мың құбылған дүниеде мәдени және діни әралуандылығын тұрақты сақтап қалып, біртұтас ұлт ретінде даму жолынан таймай келе жатқан мемлекеттің бірі.

Құжатында қандай ұлт көрсетілгеніне қарамастан, шетелде азаматарымыз көгілдір паспортты паш етіп, «Қазақстандықпын!» деп қымсынбай, қорықпай, сенімді әрі айбынды айта алатын дәрежеде.

Сондықтан кейінгі жылдары Қазақстанның ұлтаралық келісімді бекіту тәжірибесіне ТМД, Таяу Шығыс, Африка және Латын Америкасының елдері ынта-ықылас танытып, үлгі-өнегесін игеріп жүр. Өйткені бүгінде этникалық және діни тұрғыдан әралуан ұлыстардың бір мемлекеттің шаңырағы астында тату-тәтті тұруына қол жеткізу көкейкесті, қиын мәселеге айналды. Бірқатар елде қазақстандық модель негізінде этномәдени кеңестер, интернационалдык орталықтар, медиация-бітістіру орталықтары құрылып жатыр.

Қазақстан өз халқының достығы, татулығы мен бірлігі арқасында жарқын болашаққа ұмтылыстың символына айналып келеді. Бірақ бұл бағыт жеткенге тоқмейілісіп тоқтап қалмай, үнемі ізденіс, талмай талпыныс танытып, ілгері ұмтылғанды, биікке серпілгенді талап етеді.

БӘРЕКЕЛДІ!



Қазақстан – сан түрлі этнос өкілдері бейбітшілік пен татулықта өмір сүріп жатқан ел. Осындай этносаралық келісім мен бірліктің жарқын мысалы – қазақ тілін еркін меңгеріп, ел өміріне белсенді атсалысып жүрген корей қызы Валерия Цой.

Валерия – Қарағанды қаласының тұрғыны, ұлты – корей. Балалық шағынан бастап ол мемлекеттік тілді

менгеруді өзіне мақсат етіп қойған. «Атам корей болғанымен, Қазақстанда өмір сүріп жатқан соң қазақ тілін білу

ҚАЗАҚША САЙРАҒАН КОРЕЙ ҚЫЗЫ

міндет деп санады. Сондықтан мені қазақ балабақшасына берді. Мектепке барарда ата-анам тандау құқығын өзіме берді, мен қазақ тілінде оқимын деп шештім», – дейді ол.

Қазақ тілін менгеру Валерияға қиын болмаған. Себебі қазақтілді балалардың ортасында өсіп, ұстаздары мен достарының қолдауымен тілді тез менгерген. «Қазақ тілінде сөйлеу өзіме ұнайтын, сондықтан тез үйреніп кеттім», – дейді Валерия Владимировна.

Мектеп қабырғасында жүріп-ақ ол қазақ тіліндегі көптеген жобаға қатысып, жүлделі орындарға ие болған. Соның ішінде 1 наурыз – Алғыс айту күніне орай ұйымдастырылған республикалық байқауда 1-орынды жеңіп алды.

Қазір Валерия Владимировна – Қарағанды қаласындағы Корей этномәдени қоғамдық бірлестігінің белсенді мүшесі. Ол 9 жылдан бері корейдің ұлттық аспаптарында ойнайды. Бүгінде

«Самульнори Саён» тобының жетекшісі. Сонымен қатар бала кезден ана тілі – корей тілін менгеруде. 2024 жылы Корея Республикасына барып, корей тілі деңгейін жетілдіріп, тарихи отанының мәдениеті мен дәстүрлерін терең үйреніп қайтқан.

Алайда ол өз жүрегінің төрінде туған жері – Қазақстанға деген махаббатын сақтап келеді. «Кореяда ұзақ тұрмасам да, туған елім – Қазақстанды сағынып, жүрегімнің бөлшегі екенін түсіндім», – дейді Валерия Владимировна.

Қазақ тілінде еркін сөйлеуі арқылы ол басқа этнос өкілдеріне де үлгі. «Менің қазақша еркін сөйлеуім – өзгелерді де осы тілде сөйлеуге ынталандырады деп сенемін. «Мемлекеттік тіл – этносаралық қатынас тілі» ҚХА жобасы аясында іс-шараларға белсене қатысамын», – дейді ол.

Валерия Цой – Қазақстан халқы Ассамблеясының этносаралық келісім мен бейбітшілікті насихаттайтын жас



буынның жарқын өкілі. Оның өмір жолы – еліміздегі этносаралық татулықтың айқын көрінісі.

Айдана УМИРБАЕВА,
Қарағанды облысы ҚХА баспасөз бөлімінің маманы

ӨЗЕКТІ

БЕЙБІТШІЛІКТІҢ БАСТАУЫ – БІТІМГЕРШІЛІК

Бітімгершілік – халықаралық тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуға ұмтылатын кез келген мемлекеттің сыртқы саясатының маңызды аспектісі. Орталық Азиядағы жас, бірақ өршіл мемлекет ретінде Қазақстан үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) және басқа да халықаралық құрылымдардың бітімгершілік операцияларына қатысу оның белсенді сыртқы саяси бағытының бір бөлігіне айналды.



Классикалық мағынада Қазақстан Үкіметінің БҰҰ-мен бітімгершілік желісіндегі өзара іс-қимылы 2014 жылы Қарулы Күштердің бірінші әскери қызметшісін Ұйымның Батыс Сахараға әскери бақылаушысы ретінде жібергеннен кейін басталды. Содан бері қазақстандық бітімгершілік күштері әлемнің әртүрлі аймағында, соның ішінде Ливанда, Батыс Сахарада және Кот-д’Ивуарда қызмет етті. 2024 жылы Қазақстан БҰҰ-ның Африка мен Таяу Шығыстағы миссияларына қосымша әскери қызметшілерін жіберді. Әсіресе, Орталық Африка Республикасы,

Мали және Конго Демократиялық Республикасындағы миссиялар қиындай түсті. Қазақстан Голан биіктерінде БҰҰ-ның тәуелсіз мандатын алған ТМД-дағы бірінші және әзірге жалғыз мемлекет болды, мұнда бүгінде біздің 139 әскери қызметшіміз қарсылас тараптар арасында атысты тоқтату режимін сақтау бойынша маңызды тапсырманы орындауда. Кейбір қиындықтарға қарамастан, келіссөздер тиімділігін дәлелдеді. Сириядағы адамдарға гуманитарлық көмек көрсету әрекеттері жалғасып келе жатқаны белгілі болды.

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ – ҰЛТТЫҚ БАСЫМДЫҚ

Қазір елімізде құқықтық саясатты жетілдіру – мемлекеттің басты басымдықтарының бірі. Қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықбұзушылықтың алдын алу, іздеудегі адамдарды анықтау және заң үстемдігін орнықтыру бағытында бірқатар маңызды қадам жасалып жатыр. Бұл өзгерістер – Мемлекет басшысының нақты тапсырмалары негізінде жүзеге асуда.

Соңғы жылдары іздестіру жұмысын реттейтін нормативтік-құқықтық база жетілдіріліп, құқық қорғау органдарының жұмысы заманауи цифрлық құралдармен күшейтілді. Енді іздеуде жүрген адам мемлекеттік немесе өзге де қызметтерге жүгінген сәтте мемлекеттік органдар іздеу бастамашыларына автоматты түрде

хабарлама алады. Бұл жүйе іздеудегі адамдарды тез арада анықтап, ұстауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бет-әлпетті тану функциясы бар бейнебақылау камераларының мүмкіндіктері кеңейтіліп, қауіпсіздікті бақылау жүйесі жана деңгейге көтерілді. Бюджет қаражатын тартпай-ақ, азаматтық қоғаммен бірлесіп, халық көп жиналатын орындарға 3 мыңнан астам бейнекамера орнатылды. Бұл – құқықтық саясаттағы мемлекеттің қоғаммен тиімді серіктестігінің жарқын көрінісі. Нәтижесінде, 2024 жылы дәл осы камералардың көмегімен 72 қылмыскер ұсталды. Қазақстан құқықбұзушыларды шетелден қайтару бағытында да белсенді жұмыс атқарып келеді. 2024 жылы аса ауыр қылмыс жасағаны үшін 28 адам шетелдік юрисдикциядан елге қайтарылды. Бұл еліміздің құқық қорғау жүйесінің

Қазақстанның БҰҰ-ның бітімгершілік миссияларына қатысуы халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға елеулі үлес қосып қана қоймай, еліміздің жаһандық аренадағы рөлін арттыруға ықпал етеді. Ол сондай-ақ қазақстандық әскери қызметшілерге құнды жауынгерлік тәжірибе жинақтауға, кәсіби даярлығын арттыруға және көпұлтты жағдайдағы операцияларға бейімделуге мүмкіндік береді. Жаһандық бейбітшілікті сақтау бағытында жұмыс істейтін басқа көптеген ұйым бар. Мысалы, Халықаралық Қызыл Крест Комитеті (ХҚКК) әскери қақтығыстар мен табиғи апаттар кезінде гуманитарлық көмек көрсетумен айналысады. ХҚКК-ның көптеген миссиясының ішінде Сириядағы азаматтық соғыс кезінде 10 миллионнан астам адамның көмекке мұқтаж екенін ескере отырып, медициналық көмек көрсету мен азық-түлік жеткізу маңызды рөл атқарды. Тағы бір мысал ретінде Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық ұйымын (ЕҚЫҰ) атауға болады. ЕҚЫҰ 1975 жылы құрылды және оның басты мақсаты – Еуропадағы бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау. 2014 жылы Украинада болған дағдарыс кезінде ЕҚЫҰ бейбітшілік сақтау миссияларын жүргізіп, қақтығыстарды тоқтату үшін бірқатар дипломатиялық баспана ұсынды. Ұйымның бітімгершілік контингентін дербес орналастыру туралы шешімі нормативтік-құқықтық базаны дамыту және әскери кадрларды даярлауды жетілдіру бойынша жүйелі жұмыстың қисынды нәтижесі болды. Бұл үдерісте Алматы қаласында бітімгершілік күштерді құқықтық, гуманитарлық, тілдік және психологиялық дайындықты қамтитын жан-жақты дайындықты қамтамасыз ететін «Бітімгершілік операциясы» орталығының құрылуы шешуші рөл атқарды.

ҚОРҒАНЫС

САПА СТАНДАРТЫ ҚАТАҢДАЙДЫ

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінде 2026 жылға арналған мемлекеттік қорғаныс тапсырысы шеңберінде киім-кешек мүлкінің сапасын арттыру мәселелері және үлгілерін қараудың бірінші кезеңін қорытындылау кеңесі өтті.



Кенес Қорғаныс министрінің орынбасары генерал-лейтенант Қаныш Әбубәкіровтің басшылығымен өтті. Оған қорғаныс ведомствосының және отандық жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының өкілдері қатысты. Кездесу барысында әскери қызметшілерді киім-кешектің түрлерінің жаңа үлгілерімен қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінді. Қорғаныс министрлігі қолданылатын материалдардың сапасына, тігін бұйымдарына және киімді пайдалану сипаттамаларына жоғары талаптар қоятын атап өтілді. «Алдымен жеткізілетін киім-кешектің сапасы жақсы болуы керек. Әскери қызметшілердің жауынгерлік дайындығы мен моральдық жағдайы форманың қаншалықты ыңғайлы, сенімді және функционалды болуына тікелей байланысты. Біз өндірушілерден барлық стандарттың сақталуын, сапалы материалдарды пайдалануды және заманауи технологияларды енгізуді күтеміз», – деп атап өтті генерал-лейтенант Қаныш Әбубәкіров. Диалог ашық форматта өтті: тараптар технологиялық процестерді жетілдіру, заманауи шешімдерді енгізу және сапа стандарттарын арттыру мәселелері төңірегінде пікір алмасты. Жана, соның ішінде өндірісті жаңғыртатын алдыңғы қатарлы технологияларды енгізетін зауыттар жақсы жағынан атап өтілді. Жақсы үлгілерін көрсетсе де, бірқатар кәсіпорын әлі күнге дейін ескірген жабдықты пайда-

ланады, ал конструкторлық бюролардың жұмысы күшейтуді қажет етеді. Сонымен қатар мемлекет тарапынан қолдауға қарамастан, импорттық материалдарға тәуелділік сақталатыны атап өтілді. Қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келетін маталар, былғары, фурнитуралар мен материалдың астарына пайдаланатын отандық өндіріс дамымаған. Кездесу барысында Тылдық қамтамасыз ету басқармасы бастығының орынбасары полковник Әсет Оразалин сөз сөйледі. Ол жеткізілетін өнімнің сапасына талдау жасап, соңғы бір жарым жылда киім-кешек пен аяккиімнің сапасыз үлгілері анықталғанын атап өтті. Офицердің айтуынша, тек 2024-2025 жылдар аралығында 1200-ден астам жазғы және қысқы етік ауыстырылды, олар талаптарға сай келмейді немесе зауыттық ақаудан дәлі. Сапаны арттыру үшін Қарулы Күштердің Тыл мамандары далалық киім-кешектерді, ішкімдерді, шұлықтарды, аяккиімдерді, жабдықтарды және басқа да керек-жарактарды қамтитын техникалық ерекшеліктерге өзгерістер енгізді. Кенес сонында Қорғаныс министрінің орынбасары ашық форматта өткізілетін кездесулер ойталқыларға, пікір алмасуға тиімді алаң ретінде қызмет ететінін және он пікірлер айтылатынын атап өтті. Мұның бәрі әскери қызметшілерге арналған киім-кешектермен қоса өндірілетін өнімнің сапасын жақсарту бойынша жүйелі жұмысты жолға қоюға арналған.



ЖАҒАН

КАМЧАТКАДАҒЫ ДҮМПУ: ҒАЛЫМДАР БОЛЖАҒАН АПАТ

Камчатка түбегінде тіркелген соңғы онжылдықтағы ең күшті жер сілкінісі Тынық мұхит аймағын дүр сілкіндірді. Табиғи апаттың салдары ретінде АҚШ, Канада, Мексика, Перу мен Азия елдерінде цунами қаупі жарияланып, тұрғындар эвакуацияланды. Жер сілкінісі ғалымдар бұған дейін болжаған апаттардың бірі болғанымен, оның ауқымы жаһандық қауіп төндіріп отыр.

Ресейдің Қиыр Шығысындағы Камчатка түбегінде соңғы онжылдықтағы ең жойқын жер сілкінісі тіркелді. 8,7 магнитудалы қуатты дүмпу 30 шақырым тереңдікте орын алған. Ресей ғылым академиясының мәліметінше, бұл апат соңғы отыз жыл бойы ғалымдар күткен әрі алдын ала болжанған зілзалалардың бірі болған. Алайда жердің дірілі мен оның ықпалы күткеннен әлдеқайда ауқымды болып шықты. Жер сілкінісі түбектің бірнеше ауданында қатты сезілді. Электр жарығы мен байланыс уақытша үзілген. Өңірде мектептер мен қоғамдық орындар жабылып, кей аудандарда төтенше жағдай тәртібі енгізілді. Жергілікті билік шұғыл әрекет ету штабын құрды, ал емдеу мекемелері күшейтілген режимге көшірілді. Камчаткадағы бұл апат 1952 жылғы 9 магнитудалы жер сілкінісінен кейінгі ең ірі зілзала ретінде тіркеліп отыр. Ол кезде де Северо-Курильск жағалауын цунами басып, мыңдаған адам эвакуацияланған болатын. Бұл жолы

адам шығыны мен ауыр жарақаттар туралы ресми ақпарат тіркелмеген. Ресейлік сейсмологтар мұндай табиғи апаттардың Камчатка мен Курил аралдары сияқты сейсмикалық белсенді аймақтар үшін тансық емес екенін айтады. Алайда бұл жолғы дүмпу тек Ресейдің ғана емес, тұтас Тынық мұхиты аймағының геосейсмикалық қауіпсіздігіне қауіп төндірді. Камчаткадағы жер сілкінісінен кейін Тынық мұхиты бойындағы ондаған елде цунами қаупі жарияланды. Жойқын дүмпудің эпицентрі теңізге жақын орналасқандықтан, сілкініс теңіз түбін шайкап, жағаға қарай жойқын толқындардың жылжуына себеп болды. Алғашқы цунами толқындары АҚШ-тың Гавайи аралдарына жетіп, Халеива қаласында 1,2 метрге дейінгі су көтерілді. Бұл – қалыпты деңгейден бірнеше есе биік. Осыған байланысты штаттағы порттар уақытша жабылып, Hawaiian Airlines және Alaska Airlines компаниялары рейстерін тоқтатты.

АҚШ пен Канаданың бүкіл батыс жағалауы – Калифорния, Орегон, Вашингтон, Британдық Колумбия және Аляска штаттары – бір мезетте дабыл жүйесін іске қосып, тұрғындарға жағалаудан алыстауға кеңес берілді. Цунами қаупі Мексика мен Перуге де жетті: екі елдің әскери-теңіз күштері батыс жағалаудағы тұрғындарды эвакуациялауға дайын екенін мәлімдеді. Перу гидрография және навигация басқармасы апаттың ықтимал зардаптары елдің бүкіл жағалауын қамтуы мүмкін екенін ескертті. Филиппин мен Индонезия билігі де жағалаудағы халықты сақ болуға шақырып, 50 см-ден 1 метрге дейінгі толқындар болуы ықтимал екенін хабарлады. Қытайдың Чжэцзян провинциясы мен Шанхай маңында да цунами туралы ескерту жарияланып, Жапонияның Чика префектурасында бірнеше киттің жағаға шығып қалғаны тіркелді – бұл да теңіз астының қатты өзгерістерге ұшырағанының белгісі. Мамандардың айтуынша, сейсмикалық күш теңіз түбінің пішінін өзгертіп, су ағынын кайта бағдарлайды. Мұндай жағдайларда цунами толқындары мыңдаған шақырымға дейін жетіп, тіпті географиялық тұрғыдан шалғайдағы аймақтарды да шарпуы мүмкін. Камчаткадағы бұл зілзала – тосын апат емес, ғалымдар бұған отыз жылдан астам уақыт бойы дайындалып келген.



Ресей ғылым академиясының Жер физикасы институты директоры Сергей Тихоцкийдің айтуынша, аймақта күшті жер сілкінісі болатыны жайлы ұзақмерзімді ғылыми болжам бұрыннан бар еді. Соның негізінде Камчаткада арнайы инженерлік бағдарламалар қолға алынып, сейсмикалық төзімділік бойынша инфрақұрылым қайта қаралған. – Бұл соңғы 30 жылда ең нақты болжанған апат болды. Бізде аймақта міндетті түрде күшті дүмпу болады деген болжам негізінде ғимараттарды нығайту, жаңа құрылыс талаптарын өзгерту, төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдарды пысықтау шаралары жүрді, – деді Тихоцкий. Ғалымдар Камчатканың геологиялық орналасуы, яғни Тынық мұхитының сейсмикалық белсенді «Отты шеңберінің» құрамында болуы өңірді үнемі бақылауда ұстауға мәжбүр ететінін айтады. Бұл аймақтағы тектоникалық тақталар шекарасы жиі қозғалыста болады, ал олардың соқтығысуы үлкен дүмпулерге алып келуі ықтимал.

Камчатка билігі мен Ресейдің Төтенше жағдайлар министрлігі соңғы жылдары сейсмологиялық бақылау жүйелерін жанартып, халықты құлақтандыру және эвакуациялау механизмдерін жүйелеуге мән берген. Соның нәтижесінде, биылғы зілзала кезінде адам шығыны болмаған және тұрғындар арасында дүрбелең аз болған. Сонымен қатар халықаралық ынтымақтастық та өз септігін тигізген. Ресейдің сейсмологиялық қызметі Жапония, АҚШ және Оңтүстік Корея сынды елдердің орталықтарымен деректер алмасып, цунами қаупін ерте болжау жүйелерін жетілдіру бағытында бірлескен жобалар жүзеге асырған. Мамандардың айтуынша, алдағы уақытта климаттық өзгерістер мен теңіз деңгейінің көтерілуі сейсмикалық белдеулерде орналасқан елдер үшін қауіп-қатерді арттыра түсуі мүмкін. Сондықтан Камчатка мысалынан алынған сабақ – тек Ресей үшін емес, бүкіл аймақ үшін өзекті.



ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ – ӘДІЛЕТ КЕПІЛІ

Мемлекет тарапынан «Заң және тәртіп» қағидасы негізінде әлеуметтік осал топтарға көрсетілетін тегін, яғни кепілдендірілген заң көмегінің маңызы аса зор. Осы бағыттағы жұмыс барысын білу мақсатында біз Ақмола облысы Әділет департаментінің құқықтық түсіндіру жұмысы және заң көмегін көрсету бөлімінің басшысы Әділбай Ержановқа жолығып, көкейдегі көп сұраққа жауап алдық.

— Олар заң көмегіне тең қол жеткізу құқығын пайдалана алады. Сонымен қатар өз құқығы мен көрсетілетін қызмет туралы ақпарат алу, заңгерді өз бетінше тандау, заң көмегінен бас тарту, көрсетілген көмекке немесе оның сапасына шағымдану, сондай-ақ істің құпиялылығына кепілдік секілді құқықтары бар.

Егер өтініштің құқықтық сипаты жоқ болса немесе азамат заңда көрсетілген санатқа жатпаса, онда көмектен негізді түрде бас тартылуы мүмкін. Мұндай шешіммен келіспеген жағдайда азамат сотқа немесе уәкілетті органға шағымдануға құқығы бар.

— Қорғау және өкілдік ету қызметі нақты қандай жағдайларда көрсетіледі?

“**2025 жылдың басынан бері Ақмола облысында 6 322 азамат тегін заң көмегін алды. Оның ішінде 4 092 – қылмыстық іс, 90 – азаматтық, 227 – әкімшілік іс бойынша қызмет көрсетілді.**

— Бұл көмек әкімшілік, азаматтық, тіпті қылмыстық істерге қатысы бар тұлғаларға да беріледі. Мәселен, күдікті, айыпталушы, жәбірленуші немесе сотталушы да өз құқығын қорғау үшін мемлекеттік кепілдендірілген заң көмегіне жүгіне алады. Бұл қызмет Қазақстанның кез келген өңірінде көрсетіледі.

— Әділет департаменті бұл бағытта қандай шаралар қабылдап жатыр?

— Біз тұрақты түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеміз. Бұл ретте адвокаттар, заң кеңесшілері, жеке сот орындаушылармен тығыз байланыста жұмыс істеудеміз.

көрсету жылдам әрі тиімді ұйымдас-тырылады.

— Жыл басынан бері облыс көлемінде қанша адамға заң көмегі көрсетілді?

— 2025 жылдың басынан бері Ақмола облысында 6 322 азамат тегін заң көмегін алды. Оның ішінде 4 092 — қылмыстық іс, 90 — азаматтық, 227 — әкімшілік іс бойынша қызмет көрсетілді. Сонымен қатар 1 913 жағдайда жалпы құқықтық кеңес берілді.

— Пайдалы әңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

СЫР СПОРТЫНДА СЕРПІН БАР

Мемлекет басшысы Бурабайда өткен биылғы Ұлттық құрылтай отырысында халықтың спорттық инфрақұрылымдарға қолжетімділігін арттыруға ерекше мән бергені белгілі. Соған сәйкес еліміздің облыс орталықтары мен аудандарда заманауи стадиондар мен спорт кешендерін салу мәселесіне айрықша тоқталған болатын.



Бұл тұрғыда Сыр өңірінде заманауи үлгідегі жаңа стадионның қажеттілігі көп жылдан бері сезіліп келеді. Бұған салынғанына 60 жылға жуықтаған орталық стадионның заманауи талапқа сай келмеуі басты себеп болып тұр. Соған орай Ел Президенті және Үкіметтің ерекше қолдауымен аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының бастамасымен былтыр Қызылорда қаласының сол жағалауында сәулетті жаңа стадионның құрылысы қарқын алған болатын.

Сыр спортына серпін беретін қаланың сол жағалауынан бой түзген бірегей жоба өңір халқын зор қуанышқа бөледі. Келешекте түрлі деңгейдегі дүбірлі додаларды өткізуге негізделген «Қызылорда-Арена» стадионы жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылып отыр.

Қызылорда облыстық Денешынықтыру, спорт және туризм басқармасының мәліметіне сәйкес, аталмыш кешеннің жалпы құны 20,9 млрд теңгені құрайды. Жаңа стадион 11 мың орынға негізделген. Құрылыстың бас мердігері «ВД Строй Инжиниринг» ЖШС болып бекітілген. Стадионның жалпы ауданы 19 942,9 шаршы метрді құрайды.

Басқарманың мәлімдеуінше, бірегей нысанда жасыл алаңнан бөлек, бірқатар спорт түлеріне арналған залдар жұмыс істейді. Атап айтқанда, олимпиадалық спорт түрлеріне арналған бокс залы, дзюдо, грек-рим, еркін күрес секілді күрестің үш түріне арналған залы болады. Сондай-ақ фитнес, спорттық гимнастика, таеквондо және ауыр атлетика залдарымен қамтылады. Аталған спорттық залдар жыл он екі ай көлемінде спортсүйер қауым үшін сапалы қызмет етеді деп жоспарланған.

Бұл стадион халықаралық стандарттарына сай салынып жатқандықтан, әлемдік додаларды жоғары деңгейде өткізуге мол мүмкіндік береді.

Жаңа стадионның тағы бір ерекшелігі — УЕФА Классификациясы бойынша III санатты. Яғни, УЕФА аясында түрлі матчтарды, жолдастық

кездесулерді өткізуге мүмкіндік артады. Аталмыш кешенді халықаралық деңгейдегі «Феликс» компаниясының өнімдері арқылы жарықтандыру көзделген. Бұл — түрлі деңгейдегі мәдени-спорттық іс-шараларды және футбол матчтарын жоғары деңгейде өткізуге еш кедергі болмайды деген сөз. Бұдан бөлек, жанкүйерлерге арналған «Кайсар» футбол клубының жабдықтарын сататын арнайы дүкен және дәмхана жұмысын жолға қою жоспарланып отыр.

Стадиондағы жасыл алаңның жайы да ерекше маңызға ие. Яғни, жасыл төсеніш облыстың климаттық ерекшелігіне сай болуы назарға алынған. Соған орай жасыл алаң озық технологиялардың көмегімен төселетін болады. Бұл тұрғыда жасыл алаңға керекті шикізат көлемі дамыған озық мемлекеттерден жеткізілген. Осы ретте ойыншыларға қолайсыздық тудырмау мақсатында футбол алаңының астынғы қабатына жылыту желілері де жүргізілген. Атап айтқанда, жасанды көгалдың астына 2 см болатын shockpad амортизациялық төсем қапталды. Осы орайда ерекше атап өтетін жайт, әзірше бұл технология Astana Arena және Қызылордадағы жаңа стадионда ғана енгізілген. Осылайша, заманауи үлгіде жабдықталған 11 мың орындық жаңа стадион халықаралық жарыстарды өткізуге толық мүмкіндік береді деп күтілуде. Аталған нысанды алдағы қыркүйек айында пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Жалпы, соңғы жылдары Сыр спортында серпін бар. Сәт сайын өңірдің спорт саласында орын алып жатқан игі бастамалар мен жағымды жаңалықтар соның айқын дәлелі. Келешекте де қаланың сол жағалауынан бой түзген жаңа стадион жол сайыпқырандардың жарқын жеңісіне жол ашатынына көпшілік сеніммен қарайды.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Сатып алуды ұйымдастырушы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (бұдан әрі — Университет).

Мекенжайы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайында орналасқан.

Байланыс телефоны: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62

Сатып алу әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» регламентінің (бұдан әрі — Регламент) 20-бабы негізінде ашық конкурс тәсілімен Университеттің №2 оқу корпусының 1-ші қабатын зертханаларға лайықтап қайта жарақтандыру құрылысы жұмыстарын (күрделі жөндеу жұмыстары және қайта жаңғырту) сатып алу.

Сатып алуға қатысу шарттары: Жұмыстарды орындау мерзімі — 45 күнтізбелік күн. Сатып алуға қатысушылар Университет Регламенттінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсыну қажет.

- Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы (құжаттары);
- Әлеуетті өнім берушінің бухгалтерлік балансы немесе оның талап етілген бөлімдері, егер жоқ болса, оған теңестірілген өзге де құжаттары;
- Әлеуетті өнім берушінің орындаған жұмыс көлемін растайтын жалпы табысы туралы анықтамасы немесе сатып алу нысаны болып табылатын жұмысты орындау саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;
- Кәсіби және техникалық біліктіліктерін анықтау үшін келесі құжаттарды тапсыру талап етіледі: әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркеле отырып, жұмыс істеуге Қазақстан Республикасының Рұқсаттар туралы заңнамаларының талаптарына сай 2-санаттан кем емес рұқсат құжаты болуы және баға ұсынысын жасауға құзыреттілігін растайтын құжаттары; Баға ұсыныстарын беру кезеңінде ҚКС төлеуші болып табылған жағдайда ҚКС төлеуші екендігін растайтын құжаттарын қоса ұсына отырып, баға ұсыныстарының шегінде ҚКС қоса есептеп ұсыну қажет.
- Әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік немесе жеке секторда шарт негізінде осы немесе осыған ұқсас жұмыстарды атқарғанын растайтын құжаттары, атап айтқанда, соңғы он бес жыл ішінде уақытша қабылданған құрылыс жұмыстары мен толық қабылдау процедуралары аяқталған құрылыстарға қатысты қызмет көрсету саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (жұмыстың орындалу мерзімі мен көлемі әкімшілік өзіндік ерекшелікте көрсетілгені жөн);
- Әлеуетті өнім берушінің ұйымдық құрылымы толық көрсетілген және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін тиісті біліктілікке ие қызметкерлерінің және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын қызметті көрсету немесе құрылыс жұмыстарын орындау

саласындағы әкімшілік (басқарушы) қызметкерлерінің құрамы мен техникалық қызметкерлерінің кәсіби білімі мен біліктілігін растайтын құжаттары;

7. Өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстарының бар екендігін растайтын құжаттары;

8. Әлеуетті өнім берушінің тікелей қарамағында немесе одан тыс мекемелерде жұмыс істейтін, сапаны тексеруге жауапты техникалық қызметкері немесе техникалық ұйымдары туралы құжаттар;

9. Құжаттардың ішінде құрылыс және осыған қатысты жұмыстарды сатып алу бойынша құрылысты бақылау немесе басқару қызметтеріне жұмысқа қабылданатын жеке тұлғалардан инженер немесе сәулетші мамандығының иесі екенін растайтын құжаты талап етіледі.

Бұдан басқа, жұмыстарды орындау барысында, мекеме қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардағы қауіпсіздік, техникалық қауіпсіздік шаралары, әлеуметтік қорғалуы талаптарының қамтамасыз етілгендігін нақтылау үшін еңбек заңнамаларына сәйкес үлгілік еңбек шартын ұсынуы қажет. Жұмыстарды орындау барысында, дәнекерлеу, электр монтаждары жұмыстарын орындау қажеттілігі туындаған жағдайда, аталған жұмыстарды орындайтын қызметкерлерінің 3-санаттан кем емес рұқсат құжаттары болуы қажет.

10. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5%-ы мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі қажет; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В, БСН 990440008043, HSBKKZKX KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

Сатып алынатын жұмыстардың тізімін (қосымша) <http://ayu.edu.kz> сайтының хабарландыру парақшасынан және/немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайында орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203-кабинетте алуға болады.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты: Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, тізімделіп, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайында орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203-кабинетте қабылданады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 20.08.2025 ж. (12:00), 201-кабинет.

Сатып алуды ұйымдастырушы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (бұдан әрі — Университет).

Мекенжайы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайында орналасқан.

Байланыс телефоны: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62

Сатып алу әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» регламентінің (бұдан әрі — Регламент) 20-бабы негізінде ашық конкурс тәсілімен Университеттің жатақшаларына төсек-орын жабдықтарын (матрас ортопедиялық, жастық, төсек-орын жиынтығы, көрпе, перде, жабынды) сатып алу.

Сатып алуға қатысу шарттары: Жұмыстарды орындау мерзімі — 30 күнтізбелік күн. Сатып алуға қатысушылар Университет Регламенттінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсыну қажет.

- Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы (құжаттары);
- Әлеуетті өнім берушінің бухгалтерлік балансы немесе оның талап етілген бөлімдері, егер жоқ болса, оған теңестірілген өзге де құжаттары;
- Әлеуетті өнім берушінің орындаған жұмыс көлемін растайтын жалпы табысы туралы анықтамасы немесе сатып алу нысаны болып табылатын жұмысты орындау саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;
- Кәсіби және техникалық біліктіліктерін анықтау үшін келесі құжаттарды тапсыру талап етіледі: әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркеле отырып, жұмыс істеуге Қазақстан Республикасының Рұқсаттар туралы заңнамаларының талаптарына сай 2-санаттан кем емес рұқсат құжаты болуы және баға ұсынысын жасауға құзыреттілігін растайтын құжаттары; Баға ұсыныстарын беру кезеңінде ҚКС төлеуші болып табылған жағдайда ҚКС төлеуші екендігін растайтын құжаттарын қоса ұсына отырып, баға ұсыныстарының шегінде ҚКС қоса есептеп ұсыну қажет.
- Әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік немесе жеке секторда шарт негізінде осы немесе осыған ұқсас жұмыстарды атқарғанын растайтын құжаттары, атап айтқанда, соңғы он бес жыл ішінде уақытша қабылданған құрылыс жұмыстары мен толық қабылдау процедуралары аяқталған құрылыстарға қатысты қызмет көрсету саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (жұмыстың орындалу мерзімі мен көлемі әкімшілік өзіндік ерекшелікте көрсетілгені жөн);
- Әлеуетті өнім берушінің ұйымдық құрылымы толық көрсетілген және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін тиісті біліктілікке ие қызметкерлерінің және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын қызметті көрсету немесе құрылыс жұмыстарын орындау саласындағы әкімшілік (басқарушы)

31 ШІЛДЕ 2025 | БЕЙСЕНБІ



Театр – рухани байлығымыздың алтын арқауы. Халықтың жүрегінен орын алған бұл өнер қашанда өмірдің өзегін сахна арқылы шынайы жеткізіп келеді. Жас баланың аңғал күлкісі мен қарттың күрмеулі тағдырын бірдей бейнелеу – әр актерден жанын салып жұмыс істеуді талап ететін үлкен еңбек. Осы орайда сахнада сан қырлы бейнені шебер сомдап, көрермен ықыласына бөленіп жүрген актер Ілес Көпбосын – ел өнерінің өрісін кеңейтіп жүрген талант иесі.

Ілес КӨПБОСЫН, актер:

АКТЕР БОЛУ –

ӘР ОБРАЗДА ҚАЙТА ТУУ

– Ілес аға, Әзірбайжан Мәмбетов театрының көрермені сізді бірқатар қойылымның басты кейіпкері ретінде жақсы таниды. «Күшік күйеу», «Келіндер көтерілісі» сияқты қойылымда негізгі кейіпкердің рөлін сомдадыңыз. Жақында Ақан серінің рөлін алып шықтыңыз. Көрермен алдындағы сахна жауапкершілігі қандай?

– Әрине, әрбір актер сахнаға шығарда үлкен жауапкершілікті сезініп шығуы керек. Өйткені бұл кино емес, кинода бір қателесіп кетсең, тоқтатып қайтадан дубль жасауға болады, ал театр сахнасында ешқандай дубль жоқ. Бұл жерде бір қате кетсе кешірілмейді. Сондықтан әрбір актер сахнаға шығарда өзінің рөліне жүз пайыз дайындалып шығу керек. Сахнаға шықаннан кейін бар жан тәнімен беріліп ойнамасаң отырған көрерменге ешқандай сезім сыйлай алмайсың. Өйткені көрермен бәрін көріп отырады. Сахна деген айна сияқты, бәрі көрініп тұрады.

Жалпы сахна – қасиетті мекен. Ол тек өнер көрсететін жер ғана емес, ол тәрбие беретін, ой салатын, жүрекке жететін алаң. Әр рөл – аманат. Сол аманатты көрерменнің жүрегіне жеткізу – біз үшін үлкен жауапкершілік. «Күшік күйеу», «Келіндер көтерілісі» секілді қойылымдардағы кейіпкерлердің де, Ақан серідей тұлғаның да тағдыры әртүрлі. Бірақ бәріне

бітіргеннен кейін Астана қаласындағы Әзірбайжан Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театрына жұмысқа тұрып, сол жерде актерлік өнерімді бастадым.

Нұрмұхан Жантөрин, Асанәлі Әшімов, Досхан Жолдасов деген сияқты ағаларды құмир тұтамын. Осы кісілерге еліктейміз, соларға қарап бой түзейміз. – Театрдағы аға буыннан не үйрендіңіз? Кімге шәкіртсіз?

– Аға буыннан, ең алдымен, тәртіп пен сахна мәдениетін үйрендім. Олардан: «Сахнаға шықтың ба, халқына адал бол» деген қағиданы санаға сіңірдік. Мен өзімді Талғат Теменов ағамыздың шәкірті санаймын. Оның бағыт-бағдары, режиссуралық талғамы, актермен жұмыс істеу тәсілі, менің шығармашылық қалыптасуыма ерекше әсер етті.

Екінші сұрағыңызға «мен бәріне шәкірттің әрі жақсы шәкірттің» деп жауап берер едім. Мен жалпы жақсы шәкірт бола аламын, өйткені өзім білмейтін нәрсеңді біреуден сұрағанды, үйренгенді жақсы көремін. Тағы бір ерекше байқағаным, аға буын ешқашан жас актерді менсінбей қарамайды. Керісінше, сахнада саған орын беріп, қажет кезде жанаушы болады. Бұл – үлкендік. Мен өзім де бүгінде жас актерлерге дәл сол құрметпен қарап, сахнадағы достығымызды, кәсібилігімізді жоғалтпайық



шыға алмай жүрмін» деген сылтау жарамайды. Нағыз кәсіби актер өз рөлін уақытында алып шығып, қажет кезінде одан шыға білуі керек.

Сахна сыртындағы Ілес – қарапайым адам. Ұстаздарымыз жиі айтатын «Жақсы актер болғың келсе, алдымен жақсы адам бол» деген сөзді өмірлік ұстанымға айналдырдым. Мен біреуге ұлмын, бауырмын, доспын. Ал сахнада кейіпкермін. Сахна мен үшін – жүрекпен

мүмкін. Сондықтан «білмеймін», «істей алмаймын» деген сөз актер үшін жат. Өнер жолын таңдаған адам үшін әрбір жаңа қабілет жаңа мүмкіндікпен тең. «Театр барысы» атағы мен үшін үлкен мәртебе. Бұл – жай ғана атақ емес, үлкен сенім мен жауапкершілік. Сол сәтте «мен расында сахна үшін туған шығармын» деген ой жанымды тербеді.

Ал домбыра – менің жан тынымсым. Қолыма домбыра алсам, балалық шағым, ауылым, атамның дауысы, аманым әлдіі еске түседі. Бұл мен үшін жай ғана хобби емес. Домбыра – әр қазақтың болмысына жақын қасиетті аспап. Актер ретінде мен үшін домбыра сахнадағы сергіім. Бірде халық композиторының рөлін сомдадым. Сол кезде домбыра тарту мен дауыс мүмкіндігім көп көмектесті. Кей көрермен: «Осы рөл үшін арнайы музыка мамандығын оқыдыңыз ба?» деп сұрады. Бұл – мен үшін үлкен мақтаныш.

– «Өнер – тәрбие құралы» деп жатамыз? Келісесіз бе?

– Өнер – адам жүрегіне, санасына, рухына әсер ететін ең күшті құрал. Заң, тәртіп, ереже адамның сыртқы болмысына ықпал етсе, өнер адамның ішкі әлеміне жол табады. Әсіресе, театр шындықтың мінберін айқындайды. Сахнадан айтылған әр сөз, әр әрекет көрерменге тікелей әсер етеді. Бала да, жас та, ересек те театрдан өзін көріп кетуі мүмкін. Біреу өз қателігін түсінеді, енді бірі өмірдің басқа қырын аңғарады. Бұл тәрбиенің ең биік үлгісі емес пе? Мұны тек қанатты сөз емес, өнердің ең басты миссиясы деп білемін. Өнер – адам жүрегіне айналып соғатын, көңілін оятатын, кейде үнсіз отырып-ақ санана қозғау салатын үлкен рухани күш. Сондықтан театр сахнасына шыққанда біз тек кейіпкерді сомдамаймыз, біз өзіміздің адамдық ұстанымымызды, қоғамда айтатын сөзімізді бейнелейміз. Мысалы, «Келіндер көтерілісінде» мен ойнаған рөл әйел мен ердің, үлкен мен кішінің қарым-қатынасын бейнелейді. Қойылымның күлкілі тұстары бар, бірақ

астарында үлкен әлеуметтік және моральдық ой жатыр. Көрермен сахнада күліп отырып, ішінен ой түйеді. Кейін шығып бара жатып: «Мен де дәл осындай жағдайдамын. Енді басқаша қараймын», – деген сөзді көп естідік. Бұл театрдың тәрбиелік әсерінің айқын дәлелі. Тағы бір мысал, Ақан сері рөлін сомдаған кезде, халықтың ерке серісінің ішкі күйзелісін, жалғыздығын, өнер адамының жан қайғысын көрсету арқылы көрерменге мүлде басқа Ақанды таныттық. Сол қойылымнан соң бір студент келіп: «Мен бұған дейін Ақан серіні тек әнші, сал-серінің образында ғана білетінмін. Бүгін оның да тағдыры бар екенін, терең жарасы болғанын түсіндім. Адамдарды сыртынан емес, жүрегімен тану керек екен», – деді.

Өнердің тәрбиелік мәні біржақты емес. Ол адамды тәрбиелейді, қоғамды тәрбиелейді, тіпті кейде билікті де ойландырады. Өнер – үнсіз қару. Бірақ сол үнсіз қарудың күші шындық пен жүрек тазалығында. Біз сахна арқылы әділдік пен мейірімділік, ізгілік пен жауапкершілік ұғымдарын көрерменнің жүрегіне сіңіруге тырысамыз. Сондықтан мен үшін театр тек кәсіби орта емес, бұл – рухани қызмет. Өнер тәрбие құралы ғана емес, ол – ұлттың рухани иммунитеті. Қай өнерпаз осы жауапкершілікті сезіне алса, ол сахнада да, өмірде де өз миссиясын орындап жүр деген сөз.

– Қазіргі жастар театрга аз барады деген пікір бар. Сіз бұған қалай қарайсыз? Көрермендеріңізден кері байланыс алып отырсыз ба?

– Негізгі мүлдем келіспеймін. Қазір қазақ театрында жастардың легі өте көп. Қазіргі жастар өте білімді, қызығушылықтары артуда. Қазір әлеуметтік желінің дамыған заманы. Бүкілін көріп, біліп, үйреніп келеді. Өзім театр актері болғаннан кейін көбінесе қазір жастар театрга ағылып келеді деп айта аламын. Себебі өзім әрбір спектакльдерден кейін жастардың залда лық толып отырғанын көргенде өз басым қатты қуанамын. Жастардың театрга деген ынтасы төмен емес, тек олардың өмір салты, ақпарат қабылдау формасы өзгерді. Бүгінгі жастар жылдам ойлайды, визуалға, эмоцияға тез әсер етеді. Сондықтан қойылымдарда баяндаудан гөрі әрекет, лекциядан гөрі шынайы оқиға, көп сөзден гөрі жүрекке жететін бір образ маныздырақ болып барады.

Бір кездері қойылымға келген мектеп оқушыларының ішінен театрга ғашық болған жастарды байқалым. Кейін солардың кейбірі актер болуға ниет білдіріп, өнер жолын таңдады. Бұл – біздің ең үлкен жеңісіміз. Демек, жастар театрга келмейді емес, олар театрдан өз әлемін көргісі келеді. Сол үшін біз заманмен үндесіп, олардың жан-дүниесіне жол таба білуіміз керек.

Жастармен кері байланыс тек пікір ретінде ғана емес, кейде жанды диалогке, ашық әңгімеге ұласады. Бір қойылымнан кейін бір топ студентпен сөйлесіп қалдық. Олар рөлдің ішкі иірімдерін, сахнадағы кейіпкердің психологиялық сәттерін талдап берді. Мен таңғалдым. Өйткені біз кейде жастар тек TikTok көреді деп ойлаймыз, бірақ шын мәнінде олардың ішкі ізденісі, талғамы терең болуы мүмкін. Тек соған жағдай жасау керек. Сол үшін мен жиі айтамын: біз жастарға баруды доғармауымыз керек. Театрда отыруын күтпей, мектепке, университетке барып, ашық кездесулер өткізуіміз керек. Жастармен тікелей байланыс орнағанда, олар театрдың да, актердің де тірі адам екенін көреді. Содан кейін сахнадағы сөз де, сезім де оларға шынайы естіледі.

Тағы бір айтарым, қойылым үзінділерін әлеуметтік желіге шығарып, сахна сыртындағы қызықтарды көрсетіп, театрды «жабық әлем» емес, «ашық кеңістік» ретінде таныстыру қажет. Өйткені бүгінгі жас көруге, сезінуге, араласуға құмар.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Әсет ҚАЛИ

Әрине, рөлден шыға алмайтын сәттер болады. Бірақ кәсіби актер үшін бұл – қалыпты жағдай. Себебі актер кез келген уақытта рөлге кіріп, кез келген уақытта одан шыға алуы керек.

ортақ нәрсе шынайылық. Сахнаға шыққан сәттен бастап, өзінді емес, кейіпкерінді сөйлетуін керек.

– Театрды тірі өнер деп бағалаймыз ғой. Бүкіл синтездік өнердің басын біріктіретін театр өнеріне қалай келдіңіз? Қазақ театрында талантына сүйсіне қарайтын, құмир тұтатын актеріңіз кім?

– Менің негізі мамандығым – дәстүрлі әнші. 2010 жылы Астана қаласындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің колледжында дәстүрлі ән мамандығына түсіп, сол жерде төрт жыл оқып, сол келесі жылда тәмамдағаннан кейін маған ұстазым келіп ұсыныс айтты: «Ілес, сен жоғарғы оқу орнына дәстүрлі әнді жалғастырмай-ақ актерлік өнерге тапсырсаң қалай болады? Өйткені сенің түр келбетің, дауысың актерлікке келеді, ертең Біржан сал, Ақан сері, тіпті қазақи киноларда хандарды, билерді ойнауға түр-әлпетің келеді, сен театр өнеріне барсаң қалай болады?» деп керемет ұсыныс тастады. Мен ойланып, ұстазымның айтқан шешіміне келісіп, әрі қарай жоғарғы оқу орнына музыкалық өртіс мамандығына тапсырып, сол жерден білім алып шықтым. Оқуды

деп тырысамын. Сондай-ақ маған аға буыннан өткен ең үлкен сабақ – жауапкершілік. «Сен сахнаға шықсаң, көрерменнің бір уақыты, бір жүрегі саған қарап отыр» деген сөзді ұстазым айтқан еді. Содан бері әр қойылымға сол көзқараспен қарап келемін. Сондықтан шәкірттік тек формалды атак емес. Ол – ішкі мойындау. Мен өзімді театрда жол көрсеткен аға буынның алдындағы бір борышты адамдай сезінемін. Өйткені олар бізді актер етті, ал біз кейінгілерге жол көрсетуіміз керек.

– Актер сахнада түрлі кейіпкердің болмысымен көрініп, ішкі күйін көрсетуге талпынады. Сондайда өзіңіз сомдаған кейіпкердің рөлінен шыға алмайтын кез бола ма? Сахна сыртындағы Ілес қандай адам?

– Әрине, рөлден шыға алмайтын сәттер болады. Бірақ кәсіби актер үшін бұл – қалыпты жағдай. Себебі актер кез келген уақытта рөлге кіріп, кез келген уақытта одан шыға алуы керек. Театр мен киноны қатар алып жүрген әртіс ретінде бір күн бұрын мүлдем басқа образда боласың, ал келесі күні жана кейіпке енуің қажет. Мұндайда «рөлден



өмір сүретін алаң. Бірақ шынайы өмір сахнаның сыртында. Әр рөлдің өз ізі, өз әсері болады. Менің басты қағидам – рөлді «ойнау» емес, оны шынайы сүру.

– Сіздің бытыр «Театр барысы» атанғаныңызды білеміз. Одан бөлек домбыра тартудың шеберсіз. Бұлар жеке қызығушылығыңыз ба, әлде актерге осындай жан-жақтылық керек пе?

– Жалпы, актер жан-жақты болуы шарт. Себебі сахнада сен тек кейіпкер емес, өмірдің өзін бейнелейтін жансың. Кейде ән айту керек болады, кейде би билеу, тіпті акробатика, атқа міну, гитара, домбыра, скрипка тарту немесе каскадерлік әрекеттер де қажет болуы

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Албал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4623

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,